

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік саласын құқықтық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"

Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1441 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік саласын құқықтық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Жоба

ҚАЗАҚСТАН

ЗАҢЫ

РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік саласын құқықтық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 16-17, 642-құжат; № 23, 929-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 10, 244-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 23, 309-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 10, 102-құжат; 2003 ж., № 1-2, 7-құжат; № 4, 25-құжат; № 11, 56-құжат; № 14, 103-құжат; № 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., № 3-4, 16-құжат; № 5, 25-құжат; № 6, 42-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 4, 24, 25-құжаттар; № 8, 45-құжат; № 11, 55-құжат; № 13, 85-құжат; 2007 ж., № 3, 21-құжат; № 4, 28-құжат; № 5-6, 37-құжат; № 8, 52-құжат; № 9, 67-құжат; № 12, 88-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16-құжат; № 9-10, 48-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 3-4, 12-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50, 53-құжаттар; № 16, 129-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 13, 14, 15-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, құжат; № 12, 85-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 4, 21-құжат; № 10-11, 55, 56-құжаттар; «Қазақстан Республикасының кейбір

заңнамалық актілеріне мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің жаңа түрлерін енгізу және олардың қолданылу салаларын кеңейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 4 шілдедегі № 131-V Қазақстан Республикасының (3 аңы) :

1) 897-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«897-бап. Кешенді кәсіпкерлік лицензия шартының нысаны

1. Кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты жазбаша нысанда жасалуға тиіс.

2. Қазақстан Республикасында тіркелген өнертабыстарды, пайдалы модельдерді, өнеркәсіптік үлгілерді, селекциялық жетістіктерді, тауар таңбаларын, қызмет көрсету таңбаларын қамтитын кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты өнертабыстарға, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге, селекциялық жетістіктерге, тауар таңбаларына, қызмет көрсету таңбаларына қатысты бөлігінде патенттік органда (ұйымда) тіркелуге тиіс.» ;

2) 972-баптың 1-тармағының 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«9) сәулет, қала құрылысы, дизайн және бау-саябақ өнері туындылары;»;

3) 978 - бапта :

2-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Автордың туындыны пайдалануға айрықша құқықтары мынадай іс-әрекеттерді:

1) туындыны қайта жаңғырту (қайта жаңғырту құқығы);

2) туындының түпнұсқасын немесе даналарын кез келген әдіспен тарату: сату, айырбастау, прокатқа (жалға) беру, өзге де операциялар, оның ішінде ашық ақпараттық-коммуникациялық желіде операциялар жасау (тарату құқығы);

3) туындыны көпшілік алдында көрсету (көпшілікке көрсету құқығы);

4) туындыны көпшілік алдында орындау (көпшілік алдында атқару құқығы);

5) жалпыға бірдей мәлімдеу үшін эфирге немесе кабель арқылы хабарлауды қоса алғанда туындыны көпшілікке хабарлау (көпшілікке хабарлау құқығы);

6) туындыны эфирге беру (радио және теледидар арқылы тарату), оның ішінде туындыны кабель немесе спутниктік байланыс арқылы тарату (эфирге хабарлау құқығы)

7) туындыны аудару (аудару құқығы);

8) туындыны қайтадан жасау, аранжировка жасау немесе басқаша түрде өңдеу (өңдеу құқығы) ;

9) қала құрылысы, сәулет, безендіру жобасын іс жүзінде іске асыру;

10) заңнамалық актілерге қайшы келмейтін өзге де іс-әрекеттерді жүзеге асыру, олардың жүзеге асырылуына рұқсат ету немесе тыйым салу құқығын білдіреді.»;

3 - тармақ алып тасталсын ;

4) 986-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Орындалатын туынды авторларының құқықтары сақталған жағдайда, орындаушы осы тарауда көзделген және Қазақстан Республикасының заңнамасына

сәйкес кұқықтарды жүзеге асырады.» ;
5) 9 9 1 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«1. Өнертабысқа, пайдалы модельге және өнеркәсіптік үлгіге кұқықтар патентпен қорғалады.» ;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«3. Жаңа және өнеркәсіпте қолдануға болатын техникалық шешім кұқықтық қорғау берілетін пайдалы модель болып танылады.» ;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«5. Патент алу кұқығы туындайтын өнертабысқа, пайдалы модельге, өнеркәсіптік үлгіге қойылатын талаптар, уәкілетті мемлекеттік органның (бұдан әрі – патенттік органның (ұйымның) оны беру тәртібі заңнамалық актіде белгіленеді.» ;

6) 992-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«992-бап. Өнертабысты, пайдалы модельді, өнеркәсіптік үлгіні пайдалану кұқығы Патент иеленушінің өнімді қорғалған шешімдерді қолдана отырып өндіру, патентпен қорғалған технологиялық процестерді өз өндірісінде қолдану, қорғалған шешімдері бар бұйымдарды сату немесе сатуға ұсыну, тиісті бұйымдарды импорттау кұқығын қоса алғанда, патентпен қорғалған өнертабысты, пайдалы модельді, өнеркәсіптік үлгіні өз қалауы бойынша пайдалануға айрықша кұқығы болады.

Осы Кодекске немесе басқа заңнамалық актілерге сәйкес патент иеленушінің кұқықтарын бұзу болып табылмайтын пайдалану жағдайларын қоспағанда, басқа адамдардың өнертабысты, пайдалы модельді, өнеркәсіптік үлгіні патент иеленушінің рұқсатынсыз пайдалануға кұқығы жоқ.

Патенттелген өнертабысты, пайдалы модельді немесе өнеркәсіптік үлгіні қолдана отырып жасалған бұйымдарды рұқсатсыз жасау, қолдану, импорттау, сатуға ұсыну, сату, азаматтық айналымға өзгедей енгізу немесе осы мақсатпен сақтау, сондай-ақ өнертабысқа патентпен қорғалатын тәсілді қолдану немесе тікелей өнертабысқа патентпен қорғалатын тәсіл арқылы дайындалған бұйымды азаматтық айналымға енгізу не осы мақсатпен сақтау патент иеленушінің айрықша кұқығын бұзу болып танылады .

Өзгеше дәлелденбейінше бұйым патенттелген тәсілмен жасалған болып саналады.» ;

7) 993-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«993-бап. Патентке берілетін кұқыққа билік ету

Патентті алуға кұқық, өтінімді тіркеуден туындайтын кұқықтар, патентті иеленуге кұқық және патенттен туындайтын кұқықтар басқа адамға толығымен немесе ішінара берілуі мүмкін.» ;

8) 994-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«1. Өнертабыстың, пайдалы модельдің, өнеркәсіптік үлгінің авторына авторлық кұқық тиесілі болады.» ;

9) 996-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«996-бап. Қызметтік өнертабыстар, пайдалы модельдер, өнеркәсіптік үлгілер

Қызметкер өзінің қызметтік міндеттерін немесе жұмыс берушінің нақты тапсырмасын орындаған кезде жасаған өнертабысқа, пайдалы модельге, өнеркәсіптік үлгіге (қызметтік өнертабысқа) берілетін патентке құқық, егер олардың арасындағы шартта өзгеше көзделмесе, жұмыс берушіге тиесілі болады.»;

10) 998, 999 және 1000-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«998-бап. Патенттің Қазақстан Республикасының аумағында қолданылуы

Қазақстан Республикасының аумағында өнертабысқа, пайдалы модельге және өнеркәсіптік үлгіге уәкілетті орган берген патенттер қолданылады.

Шет мемлекетте берілген немесе халықаралық ұйым берген патенттер, Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген жағдайларда қолданылады.

Егер белгіленген тәртіппен мәлімделген шешім Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде тиісінше өнертабыстарға, пайдалы модельдерге немесе өнеркәсіптік үлгілерге қойылатын талаптарға сай келсе, шетелдік азаматтардың және шетелдік заңды тұлғалардың немесе олардың құқықтық мирасқорларының Қазақстан Республикасында өнертабысқа, пайдалы модельге және өнеркәсіптік үлгіге патент алуға құқығы бар.

999-бап. Патенттің қолданылу мерзімі

1. Патент патенттік органға (ұйымға) өтінім түскен күннен бастап қолданылады және заңнамалық актілерде белгіленген талаптар сақталған жағдайда:

1) өнертабысқа патент – жиырма жыл бойы күшін сақтайды.

Қолданылуы үшін заңда белгіленген тәртіппен оны қолдануға арналған рұқсат талап етілетін дәрілік затқа, пестицидке немесе агрохимикатқа жататын өнертабысқа қатысты айрықша құқықтың және осы құқықты куәландыратын патенттің қолданылу мерзімі патент иеленушінің өтінішхаты бойынша ұзартылуы мүмкін, бірақ ол бес жылдан аспауға тиіс.

Көрсетілген мерзім өнертабысқа патент беруге өтінім берілген күннен бастап бес жыл есепке алынбай, өнертабысты қолдануға алғашқы рұқсат алған күнге дейінгі мерзімге ұзартылады.

2) пайдалы модельге патент – бес жыл бойы күшін сақтайды, бұл мерзімді патенттік орган (ұйым) патент иеленушінің өтінішхаты бойынша үш жылдан астырмай ұзартуы мүмкін;

3) өнеркәсіптік үлгіге патент – он бес жыл бойы күшін сақтайды, бұл мерзімді патенттік орган (ұйым) патент иеленушінің өтінішхаты бойынша бес жылдан астырмай ұзартуы мүмкін.

2. Өнертабысты, пайдалы модельді, өнеркәсіптік үлгіні қорғау патенттік органға (ұйымға) өтінім келіп түскен күннен бастап қолданылады. Құқықтарды қорғау патент

берілгеннен кейін жүзеге асырылуы мүмкін. Патент беруден бас тартылған жағдайда, қорғауға алынбаған болып есептеледі.

3. Өнертабыстың, пайдалы модельдің, өнеркәсіптік үлгінің басымдығы заңнамалық актілерде көзделген тәртіппен айқындалады.

4. Қолданылу мерзімі өткеннен кейін, сондай-ақ айрықша құқықтың қолданылуы мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, өнертабыс, пайдалы модель немесе өнеркәсіптік үлгі қоғамдық игілікке өтеді.

5. Қоғамдық игілікке өткен өнертабысты, пайдалы модельді немесе өнеркәсіптік үлгіні кез келген адам оған ешкімнің келісімінсіз немесе рұқсатынсыз және пайдаланғаны үшін сыйақы төлеусіз еркін пайдалана алады.

1000-бап. Патенттік құқықтарды беру туралы шарт

Патентті беру туралы шарт жазбаша нысанда жасалуға және патенттік органда (ұйымда) тіркелуге тиіс. Жазбаша нысанның немесе тіркеу туралы талаптың сақталмауы шарттың жарамсыздығына әкеп соғады.»;

11) 1003-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«1003-бап. Патентті бұзғаны үшін жауапкершілік

Патент иеленушінің талабы бойынша патентті бұзу тоқтатылуға тиіс, ал оны бұзушы патент иеленушіге өзі келтірген залалды өтеуге міндетті (осы Кодекстің 9-бабы). Патент иеленуші келтірілген залалдың орнына бұзушыдан оның өнертабысты, пайдалы модельді, өнеркәсіптік үлгіні заңсыз пайдалануы салдарында алған табысын өндіріп алуға құқылы.»;

12) 1004-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Өнертабысты, пайдалы модельді, өнеркәсіптік үлгіні басымдық алған күнінен кейін, бірақ өнертабысқа, пайдалы модельге, өнеркәсіптік үлгіге патент беру туралы мәліметтер ресми жарияланған күнге дейін адал ниетпен пайдалана бастаған адам патент иеленушінің талабы бойынша одан әрі пайдалануды тоқтатуға міндетті. Алайда мұндай адам патент иеленушіге өзінің осындай пайдалануы нәтижесінде келтірілген залалды өтеуге міндетті емес.».

2. 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Қазақстан Республикасының кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 22-I, № 22-II, 112-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 13-14, 63-құжат; № 15-16, 74-құжат; № 17, 82-құжат; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 29-құжаттар; № 11, 58-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; № 22, 130, 132-құжаттар; № 24, 145, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 116-құжат; № 14, 117-құжат; № 15, 120-құжат; № 16, 128-құжат; № 20, 151-құжат; № 21, 161-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 11, 15-құжат; № 3, 21, 22, 25, 27-құжаттар; № 4, 32-құжат; № 5, 35-құжат; № 6, 43, 44-құжаттар; № 8, 64-құжат

; № 10, 77-құжат; № 11, 80-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 2, 7, 10-құжаттар; № 3, 15-құжат; № 4, 21-құжат; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 12, 57-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 8, 76, 82-құжаттар; № 16, 83-құжат):

1) 539-баптың 1), 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«1) патент берген үшін, тауар таңбасын тіркеген үшін – 100 пайыз;

2) жалпыға бірдей белгілі тауар таңбасын тіркеген үшін – 100 пайыз;».

3. «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» 1996 жылғы 10 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 8-9, 237-құжат; 2004 ж., № 17, 100-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; 2007 ж., № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 15-16, 75-құжат; 2012 ж., № 2, 13-құжат; № 3, 25-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат):

1) 2-баптың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«7) айрықша құқық – автордың және/немесе өзге құқық иеленушінің туындыны және/немесе сабақтас құқықтар объектісін белгіленген мерзім ішінде кез келген тәсілмен пайдалануды жүзеге асыруға, пайдалануға рұқсат етуге және оған тыйым салуға мүлдіктік құқығы;»;

2) 7-баптың 1-тармағының 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«9) сәулет, қала құрылысы, дизайн және бау-саябақ өнері туындылары;»;

3) 9 - 1 - б а п т а :

6-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Сәулет, қала құрылысы, дизайн, бау-саябақ өнері туындыларына құқықтарды тіркеу кезінде мынадай құжаттар;»;

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«16. Авторлық құқық объектісіне құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті беру және авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтерді енгізу авторлық құқықпен қорғалатын туындыларға құқықтарды мемлекеттік тіркеуді растау болып табылады. Авторлық құқық объектісіне құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нысанын және авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне енгізілетін мәліметтердің тізбесін уәкілетті орган бекітеді.»;

4) 15-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) туындының атауымен қоса, оған қол сұғылмау құқығы, туындыны кез келген бүлдіруге, бұрмалауға немесе өзгеше өзгертуге, сондай-ақ автордың ар-намысына немесе беделіне нұқсан келтіре алатын кез келген басқа қол сұғушылыққа қарсы әрекет ету құқығы (автордың беделін қорғау құқығы);»;

5) 19-бап мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

«7) туындының жоғалған немесе бүлінген даналарын ауыстыру мақсатында кітапханалардың және мұрағаттардың заңды түрде жарияланған туындыларды пайда

түсірусіз цифрлық форматқа ауыстыру арқылы туындының жалғыз данасын көшірмелеу, сондай-ақ өздерінің қорларынан туындыны қандай да бір себептер бойынша жоғалтқан басқа да кітапханаларға туындының даналарын беру;».

6) 32-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«32-бап. Авторлық шарттың талаптары мен нысаны. Тараптардың жауаптылығы»;

7) 33-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Тапсырыстың авторлық шартында туынды тапсырыс берушіге берілуге тиіс мерзім, сондай-ақ туындыны пайдалануға мүліктік құқықтарды беру көзделуге тиіс.»;

8) 44-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

«2-1. Пайдаланушылар мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымға авторлық және сабақтас құқықтар объектілерін пайдалану туралы есепті, сондай-ақ тізбесі мен ұсыну мерзімдері шартта айқындалатын сыйақыны жинау және бөлу үшін қажетті өзге де мәліметтер мен құжаттарды беруге міндетті.»;

9) 4 6 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

2) және 3) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«2) осы Заңның 45-бабы 4) тармақшасының ережелеріне сәйкес жиналған сыйақыны авторлық және сабақтас құқықтардың иелеріне бөлу және төлеу үшін пайдалануға міндетті. Бұл ретте ұйым жиналған сыйақыдан өзінің мұндай сыйақыны жинауға, бөлуге және төлеуге кеткен нақты шығыстарын өтеуге қажетті соманы, сондай-ақ өзі өкілі болып табылатын авторлық және сабақтас құқықтар иеленушілердің келісімімен және солардың мүддесіне сай сол ұйым құрған арнайы қорларға жіберілетін соманы ұстап қалуға құқылы. Сыйақыны жинау, бөлу және төлеу бойынша өздерінің нақты шығыстарын өтеу сомалары жиналған сыйақының жалпы сомасының отыз пайызынан аспауға тиіс;

3) жиналған сыйақы сомасын осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген сомаларды шегере отырып, туындылардың және сабақтас құқықтар объектілерінің нақты пайдаланылуына қарай барабар бөлуге және қазақстандық авторлық және сабақтас құқықтарды иеленушілерге – тоқсанына кемінде бір рет және осындай құқықтарды басқаратын шетелдік ұйымдарға жылына кемінде бір рет төлеп отыруға міндетті. Бұл ретте ұйым осы ұйым жасасқан лицензиялық шарттарға және сыйақы төлеу туралы шарттарына сәйкес сыйақы алуға құқығы бар құқық иеленушілерді белгілеу бойынша ақылға қонымды және жеткілікті шаралар қолдануға, соның ішінде осы мақсат үшін авторлардың және өзге де құқық иеленушілердің мүліктік құқықтарын басқаратын басқа да ұйымдардан, Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған ақпаратты пайдалануға міндетті; » ;

мынадай мазмұндағы 8) және 9) тармақшалармен толықтырылсын:

«8) уәкілетті органға жіберілетін есептерді Қазақстан Республикасының аумағында

таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында, осы ұйымдардың интернет-ресурстарында жария етуге;

9) пайдаланушылармен жасалған шарттар туралы ақпаратты ұйымдардың интернет-ресурстарына орналастыруға міндетті.»;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымға осы Заңның 45-бабының 4) тармақшасында көзделген сыйақы жинауға қатысты өкілеттіктерді бермеген авторлық және сабақтас құқықтар иеленушілері жеткілікті негіздер болған кезде, одан жүргізілген бөлуге сәйкес өздеріне тиесілі сыйақыны төлеуді, сондай-ақ осы ұйым пайдаланушыларға беретін рұқсаттардан өзінің туындылары мен сабақтас құқықтар объектілерін алып тастауды талап етуге құқылы.

Мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйым авторлық және/немесе сабақтас құқықтар иеленушісінен тиісті хабарламаны алған күннен бастап үш ай өткен соң олардың көрсеткен құқықтарын және/немесе объектілерін барлық пайдаланушылармен жасалған шарттардан алып тастауға және бұл туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында, ұйымның интернет-ресурсына орналастыруға міндетті. Мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйым авторлық және/немесе сабақтас құқықтар иеленушісіне бұрын жасалған шарттарға сәйкес пайдаланушылардан алынған тиесілі сыйақыны төлеуге және оған есеп беруге міндетті.

» ;

1 0) 4 6 - 2 - б а п т а :

3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Аккредиттеу жөніндегі комиссияның құрамын және ол туралы ережені уәкілетті о р г а н б е к і т е д і .

Аккредиттеу жөніндегі комиссияның отырысы өтетін күн туралы ақпаратты уәкілетті орган Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында және оның интернет-ресурсында аккредиттеу жөніндегі комиссияның отырысы өтетін күнге дейін күнтізбелік жиырма бес күннен кешіктірмей о р н а л а с т ы р а д ы .

4. Аккредиттеуден өту үшін өтініш беруші уәкілетті органға жазбаша түрде өтініш жібереді. Өтініш аккредиттеу жөніндегі комиссияның отырысы өтетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей жіберілуге тиіс. Мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйым аккредиттеуден өту үшін беруге тиіс өтініштің нысанын және құжаттар тізбесін уәкілетті орган белгілейді.»;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Аккредиттеу жөніндегі комиссия отырысының қорытындылары бойынша уәкілетті орган отырыс аяқталған күннен кейін күнтізбелік бес күннен аспайтын мерзімде аккредиттеу туралы шешім қабылдайды және өтініш берушіге бес жыл мерзімге аккредиттеу туралы куәлік береді.

Аккредиттеу туралы қорытынды шығарған кезде аккредиттеу жөніндегі комиссия
м ы н а л а р д ы :

1) заңды тұлға ретінде тіркелген кезден бастап осы салада қызметін кемінде екі жыл
ж ү з е г е а с ы р у ы н ;

2) жиналған сыйақыны кемінде сегіз рет бөлу және төлеу жөніндегі жұмыс
т ә ж і р и б е с і н і ң б о л у ы н ;

3) авторлардың және пайдаланушылардың ұйым қызметі туралы оң пікірлерінің
б о л у ы н ;

4) ұйымның осы Заңның 46-бабында көзделген міндеттерді тиісінше орындауын;

5) басқа мемлекеттердің құқық иеленушілерінің мүліктік құқықтарын ұжымдық
негізде басқару жөніндегі осындай ұйымдарымен өзара мүдделілік білдіру туралы
қ о л д а н ы с т а ғ ы ш а р т т а р д ы ң б о л у ы н ;

6) басқа мемлекеттердің мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын
ұйымдарына өзара мүдделілік білдіру туралы қолданыстағы шарттар негізінде
сыйақының тиісті сомаларының аударылғаны туралы растайтын құжаттардың болуын;

7) мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының лауазымды адамдарына
өздерінің қызметтік міндеттерін орындауына кедергі келтіргені, сондай-ақ қаулыларды,
нұсқамаларды және өзге де талаптарды орындамағаны үшін әкімшілік жауаптылыққа
т а р т у ф а к т і л е р і н н а з а р ғ а а л у ғ а т и і с .

У ә к і л е т т і о р г а н :

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құжаттар ұсынылмаған;

2) ұсынылған құжаттарда қамтылған мәліметтер толық болмаған;

3) мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының лауазымды адамдарына
өздерінің қызметтік міндеттерін орындауына кедергі келтіргені, сондай-ақ қаулыларды,
нұсқамаларды және өзге де талаптарды орындамағаны үшін әкімшілік жауаптылыққа
т а р т ы л ғ а н ;

4) ұйым осы Заңның 46-бабында көзделген міндеттерді орындамаған және/немесе
тиісінше орындамаған жағдайларда аккредиттеуден бас тарту туралы шешім
қ а б ы л д а й д ы . » ;

1 1) 4 7 - б а п т а :

1-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Авторлардың, орындаушылардың, фонограмма шығарушылардың немесе өзге
де авторлық және (немесе) сабақтас құқықтарды иеленушілердің мүліктік құқықтарын
ұжымдық негізде басқаратын ұйым уәкілетті органға жыл сайын, есепті жылдан кейінгі
жылдың 15 сәуірінен кешіктірмей өз қызметі туралы мынадай:»;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) жиналған, бөлінген, бөлінбеген, төленген, төленбеген сыйақы, сондай-ақ талап
етілмеген сыйақылар туралы мәліметтерді қоса алғанда, осындай ұйымның жылдық
балансы, жылдық есебі және оның қызметін аудиторлық тексерудің нәтижелері туралы;

»

;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Уәкілетті орган мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымдардан ұйым қызметінің осы Заңға, Қазақстан Республикасының коммерциялық емес ұйымдар туралы заңнамасына немесе өзге де заңнамаға, сондай-ақ мұндай ұйымның жарғысына сәйкестігін тексеру үшін қажетті қосымша ақпаратты және құжаттарды талап етуге құқылы.»;

12) 47-1-баптың 7) тармақшасындағы «қолданбаған жағдайда қайтарып алуы мүмкін.» деген сөздер «қолданбаған;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

«8) мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының лауазымды адамдарына өздерінің қызметтік міндеттерін орындауына кедергі келтіргені, сондай-ақ қаулыларды, нұсқамаларды және өзге де талаптарды орындамағаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылған жағдайда қайтарып алуы мүмкін.».

13) 49-баптың 1-тармағының б) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«б) соттың қарауы бойынша айқындалатын бір жүз айлық есептік көрсеткіштен он бес мың айлық есептік көрсеткішке дейін немесе туынды даналары құнының екі есе мөлшерінде немесе салыстырмалы мән-жайлар кезінде әдетте туындыны заңды түрде пайдаланғаны үшін алынатын бағаға негізделі отырып айқындалатын туындыны пайдалану құқығының екі есе құны мөлшерінде өтемақы төлеу арқылы жүзеге асырылады. Залалдың орнын толтырудың немесе табысты өндіріп алудың орнына өтемақы мөлшерін сот айқындайды;».

4. «Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы» 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 19, 655-құжат; 2004 ж., № 17, 100-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; 2007 ж., № 5-6, 37-құжат; 2009 ж., № 24, 129-құжат; 2011 ж., № 1, 7-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 13, 16-құжаттар; № 14, 95-құжат):

1) 8 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Өтінім берілген күннен бастап екі ай мерзім өткен соң сараптама ұйымы ол бойынша алдын ала сараптама жүргізеді. Алдын ала сараптама жүргізу барысында өтінімге басымдық берілген күн белгіленеді, қажетті құжаттардың бар-жоғы және оларға белгіленген талаптардың орындалуы тексеріледі. Патент беруге жасалған өтінімге алдын ала сараптама екі ай мерзімде жүргізіледі.

Өтінім берушінің осы өтінім бойынша тиісті шешім қабылданғанға дейін селекциялық жетістіктің мәнін өзгертпей өтінім құжаттарына түзетулер мен нақтылауларды енгізуге құқығы бар.

Көрсетілген өзгерістерді енгізу кезінде өтінім түскен күннен бастап екі ай ішінде төлем алынбайды.

Өтінім берушінің қорғау құжатын алу құқығын басқаға беру кезіндегі нұсқауына қатысты өзгерістер немесе өтінім берушінің атауын өзгерту, сондай-ақ өтінім құжаттарындағы техникалық сипаттағы қателерді түзету тиісті төлем жасалған жағдайда селекциялық жетістік туралы мәліметтер Мемлекеттік тізілімге енгізілген күнге дейін жүргізілуі мүмкін.

Сараптама ұйымы жоқ құжаттарды немесе түзетілген материалдарды сұрата алады, өтінім беруші оларды сұрау салу жіберілген күннен бастап екі ай мерзімде ұсынуға міндетті.» ;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Алдын ала жүргізілген сараптаманың оң нәтижесін алған кезде уәкілетті орган өтінімді одан әрі қарау туралы шешім қабылдайды, ол туралы өтінім берушіге он жұмыс күні ішінде хабарланады. Өтінімнің және селекциялық жетістік сауалнамасының көшірмелері мемлекеттік комиссияға жіберіледі.»;

2) 1 0 - б а п т а :

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Сорт, тұқым патентке қабілеттілік талаптарына сай келген жағдайда, мемлекеттік комиссия сортты, тұқымды сипаттай отырып, қорытынды жасайды.

Мемлекеттік комиссияның қорытындысы негізінде уәкілетті орган он жұмыс күні ішінде селекциялық жетістікке патент беру туралы шешім қабылдайды, ол туралы өтінім берушіге он жұмыс күні ішінде жазбаша хабарлама жіберіледі.

Уәкілетті органның патент беру туралы шешім қабылдағаны туралы хабарлама өтінім берушіге жіберілген күннен бастап үш ай ішінде өтінім беруші сараптама ұйымына патент беруге дайындау және жариялау үшін тиісті төлемді, сондай-ақ мемлекеттік бажды төлегенін растайтын құжатты ұсынады. Көрсетілген құжаттар ұсынылмаған кезде, өткізіп алған мерзімді қалпына келтіру үшін төлем жасалғаны туралы құжатты ұсынған жағдайда, төлем мерзімі үш ай ішінде қалпына келтірілуі мүмкін. Олай болмаған жағдайда өтінім кері қайтарып алынған болып есептеледі, өтінім бойынша іс жүргізу тоқтатылады, бұл туралы өтінім берушіге қалпына келтіру мерзімі өткен күннен бастап он жұмыс күні ішінде хабарланады.»;

5-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Егер сараптама жүргізу барысында сорттың, тұқымның патентке қабілеттілік талаптарына сай келмейтіндігі анықталса, уәкілетті орган мемлекеттік комиссияның қорытындысы негізінде он жұмыс күні ішінде патент беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды, ол туралы өтінім берушіге он жұмыс күні ішінде жазбаша хабарлама жіберіледі.» ;

3) 11-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Авторға (авторларға) тек техникалық, ұйымдастырушылық, материалдық (қаржылық) көмек көрсеткен немесе сортқа, тұқымға берілетін құқықтарды әзірлеуге және ресімдеуге жәрдемдескен адамдар авторлар болып танылмайды.»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Автордың жеке мүліктік емес құқықтары иеліктен шығарылмайтын болып табылады және мерзімсіз қорғалады.»;

4-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Егер селекциялық жетістікті бірнеше автор жасаса, ашса немесе өсіріп шығарса, сыйақы олардың арасындағы келісімде өзгеше белгіленбесе, бірдей үлеспен төленеді.»;

5) 13-баптың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) егер селекциялық жетістікті қызметкер қызметтік тапсырманы немесе қызметтік міндеттерін орындау кезінде жасаса, ашса немесе өсіріп шығарса жұмыс берушіге беріледі.

Атына патент беру сұралып отырған бірнеше адам болған жағдайда, оларға бір патент беріледі.»;

6) 16-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«16-бап. Құқықты мұраға қалдыру

Селекциялық жетістікке өтінім беру және оған патент алу құқығы, селекциялық жетістікті пайдалануға, сондай-ақ сыйақы төлеуге және оларды пайдаланудан түскен кіріске айрықша құқық мұра ретінде немесе құқықтық мирасқорлық тәртібімен ауысады.»;

7) 18-баптың 10-тармағында:

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«5) шартты тіркеу туралы мәліметтерді жариялау үшін тіркелген шарттың үш данасын қорытындымен бірге сараптама жасау ұйымына жібереді.»;

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Сараптама ұйымы тіркелген шарттар бойынша шарт жасалып отырған өнеркәсіптік меншік объектісіне берілетін қорғау құжатына қосымшаны ресімдейді; тіркелген шарттың екі данасын және қорғау құжатына қосымшаны өтініште хат жазысу үшін көрсетілген мекенжай бойынша жібереді; бюллетеньде тіркелген шарттар туралы мәліметтерді, атап айтқанда, шарттың тіркелген нөмірі мен күнін, шарт тараптарының атауын немесе толық деректерін, шарттың нысанасын, шарттың қолданылу мерзімін, шарттың қолданылу аумағын жариялайды.»;

8) мынадай мазмұндағы 21-1-баппен толықтырылсын:

«21-1-бап. Селекциялық жетістікке патенттің қолданысын қалпына келтіру.

Соңынан пайдалану құқығы.

1. Селекциялық жетістікке патентті күшінде ұстауды белгіленген мерзімде төлемеуге байланысты төлеудің белгіленген мерзімі өткен күннен бастап тоқтатылған патенттің қолданысы патент иеленушінің өтінішхаты бойынша қалпына келтірілуі мүмкін.

Мұндай өтінішхат патентті күшінде ұстау үшін ақы төлеу мерзімі өткен күннен

бастап үш жыл ішінде патенттің қолданысын қалпына келтіруге төлем жасалғаны туралы құжат ұсынылған жағдайда, бірақ осы Заңға сәйкес белгіленген патенттің қолданылу мерзімі өткенге дейін берілуге тиіс.

Сараптама ұйымы патент қолданысының қалпына келтірілгені туралы мәліметтерді ресми бюллетеньде жариялайды. Жариялау күні патенттің қолданысын қалпына келтірілген күні болып табылады.

2. Патенттің қолданысы тоқтатылған күн мен патенттің қолданысы қалпына келтірілгені туралы мәліметтер ресми бюллетеньде жарияланған күні арасындағы кезеңде патенттелген селекциялық жетістікті Қазақстан Республикасы аумағында пайдалана бастаған не көрсетілген кезеңде осыған қажетті дайындықтарды жасаған кез келген тұлға одан әрі осындай пайдаланудың (соңынан пайдалану құқығы) көлемін кеңейтпестен патенттелген селекциялық жетістікті тегін пайдалану құқығын сақтайды.

Соңынан пайдалану құқығы басқа жеке немесе заңды тұлғаға тек осы селекциялық жетістікті пайдалану орын алған немесе осыған қажетті дайындықтар жасалған өндіріспен бірге берілуі мүмкін.».

5. «Қазақстан Республикасының Патент заңы» 1999 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 20, 718-құжат; 2004 ж., № 17, 100-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; 2007 ж., № 5-6, 37-құжат; 2009 ж., № 15-16, 75-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 13-құжат; ; 2012 ж., № 14, 95 - құжат) :
1) 1 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 2-2) тармақшамен толықтырылсын:

«2-2) Еуразиялық патент – Еуразиялық патенттік конвенцияға сәйкес берілген п а т е н т ; » ;

4) және 5) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«4) қорғау құжаттары – өнертабыстарға, өнеркәсіптік үлгілер мен пайдалы модельдерге осы Заңға сәйкес берілген патенттер;

5) өнеркәсіптік меншіктің қызметтік объектілері – қызметкердің өз қызметтік міндеттерін немесе жұмыс берушінің нақты тапсырмасын орындау кезінде жасаған өнертабыстары, пайдалы модельдері, өнеркәсіптік үлгілері;»;

2) 4-1-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Белгіленген мерзімнен кейін конвенциялық басымдықты сұрата отырып өтінімдер қабылдауды; халықаралық өтінімді ұлттық фазаға ауыстыруды; формальды сараптама жүргізуді; мәні бойынша, сондай-ақ формуланың біреуден артық әрбір тәуелсіз тармағына қосымша сараптама жүргізуді; сараптаманың салынған сұрауға жауапты және төлемақыны ұсынудың мерзімдерін ұзартуды және қалпына келтіруді; өнертабысқа немесе пайдалы модельге өтінімді қайта өзгертуді; өтінімді өтінім берушінің қатысуымен қарауды; өтінім құжаттарының қазақ тіліне немесе орыс тіліне аудармасының ұсынылу мерзімін ұзартуды, сұратылатын құжаттарды ұсыну

мерзімдерін әрбір айға белгіленген мерзім аяқталған күннен бастап он екі айға дейін ұзартуды, өтінім берушінің аударманы ұсыну бойынша өткізіп алған мерзімін қалпына келтіруді; өтінім материалдарына, қорғау құжатына, өнертабыстардың, пайдалы модельдердің, өнеркәсіптік үлгілердің мемлекеттік тізілімдеріне өзгерістер енгізуді; біртекті өзгерістер енгізуді; халықаралық және еуразиялық өтінімдерді өңдеуді, тексеруді және салып жіберуді; өнертабыстың, пайдалы модельдің және өнеркәсіптік үлгінің патентке қабілеттілігін бағалау мақсатында техника деңгейін айқындау үшін ақпараттық іздестіру жүргізуді; автордың куәлігін, қосымшаларды және олардың телнұсқаларын беруді; қорғау құжатын күшінде ұстап тұруды, оның қолданылу мерзімін ұзартуды, қалпына келтіруді және қорғау құжатын күшінде ұстап тұру, ұзарту немесе қалпына келтіру туралы мәліметтерді жариялауды; бір және бір топ өнеркәсіптік меншік объектісіне қатысты кешенді кәсіпкерлік лицензия беру туралы шарттың сараптамасын тіркеуге өтінім қабылдауды; шарттарды тіркеу туралы мәліметтерді жариялауды; қосымша келісімдерге сараптама жүргізуді; ашық лицензия беруге өтінім қабылдауды; өнертабыстардың, пайдалы модельдердің және өнеркәсіптік үлгілердің мемлекеттік тізілімдерінен үзінді көшірмелер ұсынуды; баспа және электрондық басылымдарды өткізуді және жариялауды; кепіл шартына сараптама жүргізуді қоса алғанда, өнертабыстарға, пайдалы модельдер мен өнеркәсіптік үлгілерге өтінімдерді қабылдау және оларға сараптама жүргізу, қорғау құжатын беруге құжаттарды дайындау, қорғау құжатын беру туралы мәліметтерді жариялау, қорғау құжатын күшінде ұстап тұру жөніндегі функцияларды жүзеге асыру, қорғау құжаттарын басқаға беру және оларды алуға құқықты басқаға беру туралы шарттарға, лицензиялық (қосалқы лицензиялық) шарттарға сараптама жүргізу, Өнертабыстардың, пайдалы модельдердің, өнеркәсіптік үлгілердің мемлекеттік тізілімін жүргізу жөніндегі қызмет мемлекеттік монополияға жатады және оны Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған сараптама ұйымы жүзеге асырады.»;

3) 5-баптың 1, 2 және 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Өнертабысқа, пайдалы модель мен өнеркәсіптік үлгіге құқық патентпен қорғалады.

2. Пайдалы модельге патент пайдалы модельге патент беруге өтінімге жүргізілген сараптаманың нәтижелері бойынша беріледі.

Өнертабысқа және өнеркәсіптік үлгіге патент өтінімге формальды сараптама және мәні бойынша сараптама жүргізілгеннен кейін беріледі.

Патент өнеркәсіптік меншік объектісіне басымдықты, авторлықты және айрықша құқықты куәландырады.

3. Өнертабысқа патент өтінім берілген күннен бастап жиырма жыл бойы қолданылады.

Қолданылуы үшін заңда белгіленген тәртіппен оны қолдануға арналған рұқсат талап етілетін дәрілік затқа, пестицидке немесе агрохимикатқа жататын өнертабысқа қатысты айрықша құқықтың және осы құқықты куәландыратын патенттің қолданылу мерзімі патент иеленушінің өтінішхаты бойынша, бірақ бес жылдан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін.

Көрсетілген мерзім өнертабысқа патент беруге өтінім берілген күннен бастап бес жыл шегеріле отырып, өнертабысты қолдануға алғаш рұқсат алған күнге дейін өткен уақытқа ұзартылады.

Пайдалы модельге патент өтінім берілген күннен бастап бес жыл бойы қолданылады, оның қолданылу мерзімі патент иеленушінің өтінішхаты бойынша үш жылдан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін.

Өнеркәсіптік үлгіге патент өтінім берілген күннен бастап он бес жыл бойы қолданылады, оның қолданылу мерзімі патент иеленушінің өтінішхаты бойынша бес жылдан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін.

Өнертабысқа, пайдалы модельге және өнеркәсіптік үлгіге патенттің қолданылу мерзімін ұзарту тәртібін уәкілетті орган белгілейді.»;

4) 7-баптың 1-тармағында:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Өнімге (құрылғыға, затқа, микроағзаның штаммына, өсімдіктердің немесе жануарлардың жасушалары дақылдарына), тәсілге (материалдық объектілерге қатысты материалдық құралдардың көмегімен іс-әрекеттерді жүзеге асыру процесіне), сондай-ақ белгілі өнімді немесе тәсілді жаңа мақсат бойынша немесе жаңа өнімді, адамдарды немесе жануарларды емдеудің диагностикалық, терапевтік және хирургиялық тәсілдерін қоспағанда, белгілі бір мақсат бойынша қолдануға жататын кез келген саладағы техникалық шешімдер пайдалы модельге жатады.»;

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Техника деңгейі туралы мәліметтер пайдалы модельдің басымдығы күніне дейін жалпыға бірдей қолжетімді болған, өтінім берілген пайдалы модель сияқты сол мақсаттағы құралдар туралы әлемде жарияланған мәліметтерді, оларды Қазақстан Республикасында қолдану туралы мәліметтерді, сондай-ақ басымдығы бұрынырақ болған жағдайда, Қазақстан Республикасында пайдалы модельдерге және өнертабыстарға берілген өтінімдерді (кері қайтарып алынғандардан басқа) және Қазақстан Республикасында сол мақсаттағы патенттелген пайдалы модельдер мен өнертабыстарды қамтиды.»;

5) 8-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Бұйымның сыртқы түрін айқындайтын өнеркәсіптік немесе қолөнер кәсібі өндірісі бұйымының көркем-конструкторлық шешімі өнеркәсіптік үлгіге жатады. Егер өнеркәсіптік үлгі жаңа, бірегей болса, оған құқықтық қорғау беріледі. Өнеркәсіптік үлгі, егер оның бұйымның суреттерінде көрсетілген және өнеркәсіптік үлгінің маңызды

белгілерінің тізбесінде келтірілген маңызды белгілерінің жиынтығы өнеркәсіптік үлгінің басымдығы күніне дейін әлемде жалпыға бірдей қолжетімді болған мәліметтерден белгілі болмаса, жаңа болып табылады. Өнеркәсіптік үлгінің жаңалығын белгілеу кезінде Қазақстан Республикасында басқа адамдар ұқсас өнеркәсіптік үлгілерге бұрын берген, кері қайтарылып алынбаған өтінімдер, сондай-ақ Қазақстан Республикасында патенттелген өнеркәсіптік үлгілер (олардың басымдығы күнінен бастап) есепке алынады. Өнеркәсіптік үлгі, егер оның маңызды белгілері бұйым ерекшеліктерінің шығармашылық сипатын айқындаса, бірегей болып танылады.»;

6) 9-баптың 4-тармағы алып тасталсын;

7) 10-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«10-бап. Патент иеленуші

Қ о р ғ а у қ ұ ж а т ы :

- 1) өнеркәсіптік меншік объектісінің авторына (авторларына);
- 2) осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларда жұмыс берушіге;
- 3) олардың құқықтық мирасқорына (құқықтық мирасқорларына), оның ішінде беру тәртібімен тиісті құқықты алған адамға (адамдарға);
- 4) осы тармақта көзделген адамдарға бірлесіп, олардың арасында келісім болған жағдайда беріледі.

2. Егер жұмыс беруші мен қызметкер арасындағы шартта өзгеше көзделмесе, өнеркәсіптік меншіктің қызметтік объектілеріне қорғау құжаттарына құқықтар жұмыс берушіге тиесілі болады.

3. Егер жұмыс беруші мен автор арасындағы шартта өзгеше көзделмесе, автор өзінің қызметтік міндеттерін немесе жұмыс берушінің нақты тапсырмасын орындауға байланысты емес, бірақ жұмыс берушінің ақпаратын, сондай-ақ техникалық немесе өзге де материалдық құралдарын пайдалана отырып жасаған өнертабысқа, пайдалы модельге немесе өнеркәсіптік үлгіге қорғау құжатын алу құқығы авторға тиесілі болады.

Егер өнеркәсіптік меншіктің қызметтік объектісі құрамына осы жұмыс берушінің қызметкері болып табылмайтын адам кіретін бірнеше адамның бірлескен шығармашылық еңбегімен жасалса, осындай адамның көрсетілген өнеркәсіптік меншіктің қызметтік объектісіне қатысты құқықтары ол аталған жұмыс берушімен және басқа да авторлармен жасасатын шартында айқындалады.

Егер авторлар өнеркәсіптік меншіктің қызметтік объектілерін шарт негізінде бірнеше жұмыс берушінің бірлескен жұмысты орындауы нәтижесінде жасаса, осы жұмыс берушілердің көрсетілген өнеркәсіптік меншіктің қызметтік объектілеріне құқықтары олардың арасындағы шартта айқындалады.

4. Өнеркәсіптік меншіктің қызметтік объектісі жасалған жағдайда автор өнеркәсіптік меншіктің қызметтік объектісін жасау фактісін анықтаған күннен бастап бір ай ішінде жұмыс берушіні жазбаша нысанда хабардар етеді.

Хабарламаға автор (авторлар) қол қояды және онда:

1) автордың тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) және атқаратын лауазымы көрсетілуге;

2) өнеркәсіптік меншіктің қызметтік объектісінің атауы;

3) оның жасалу жағдайы мен орны, болжалды қолданылу саласы;

4) өнеркәсіптік меншік объектісінің мәнін ашуға, санатын айқындауға және жұмыс берушінің қызметінде жарамдылығын бағалауға жеткілікті, толық жасалған сипаттама қамтылуға тиіс.

Жұмыс беруші автор (авторлар) берген өнеркәсіптік меншіктің қызметтік объектісін жасағаны туралы хабарламаны оны берген күні қабылдауға және тіркеуге міндетті, бұл жөнінде авторға (авторларға) жазбаша нысанда хабарланады.

Егер сипаттама және өтінімді ресімдеуге қажетті өзге де мәліметтер толық болмаса, онда жұмыс берушінің қызметкерден өнеркәсіптік меншіктің қызметтік объектісі туралы қосымша материалдарды сұратуға құқығы бар, ол сұрау салуды алған күннен бастап бір ай ішінде қосымша материалдарды ұсынады. Мұндай жағдайда осы баптың 7-тармағында көрсетілген мерзімінің өту барысы тоқтатыла тұрады және сұратылған мәліметтер алынғаннан бастап қайта басталады.

5. Егер қызметкер қорғау құжатын алуға құқығы бар жұмыс берушіні өнеркәсіптік меншіктің қызметтік объектісінің құрылғаны туралы хабардар етпесе, онда осы баптың 7-тармағында көрсетілген мерзім жұмыс берушіге оның құрылғаны туралы белгілі болған күннен басталады.

Егер жұмыс беруші өнеркәсіптік меншіктің қызметтік объектісінің құрылған фактісін анықтаса, онда ол авторға бұл туралы жазбаша түрде хабарлауға міндетті. Бұл ретте егер өнеркәсіптік меншіктің қызметтік объектісіне қорғау құжатын алу құқығы жұмыс берушіге тиесілі болса, ол авторға тиісті өтінімді ресімдеудің басталғандығы туралы хабарлауға міндетті, ал автор жұмыс берушінің талабы бойынша жазбаша нысанда өнеркәсіптік меншіктің қызметтік объектісіне өтінімді ресімдеу үшін қажетті қосымша ақпаратты және оның барлық авторларының тізімін беруге міндетті.

6. Жұмыс беруші өнеркәсіптік меншіктің қызметтік объектісіне қорғау құжатын алуға өтінім бергеннен кейін оны алуға не қорғау құжатын күшінде ұстап тұруға мүдделі болмаған жағдайда, қорғау құжатын алуға құқықты не алынған қорғау құжатын авторға уақтылы және өтеусіз беруге міндетті.

7. Егер жұмыс беруші өзін автор хабардар еткен күннен бастап төрт ай ішінде өнеркәсіптік меншіктің қызметтік объектісіне қорғау құжатын беруге өтінім бермесе, қорғау құжаттарын алу құқығын басқа адамға бермесе және тиісті объектіні құпия сақтау туралы авторға хабарламаса, онда қорғау құжатын алу құқығы авторға ауысады. Бұл жағдайда жұмыс берушінің тиісті өнеркәсіптік меншік объектісін патент иеленушімен шарт бойынша өз өндірісінде пайдалануға басым құқығы бар.

8. Тараптардың ешқайсысының екінші тарапқа бұл туралы хабардар етпей,

өнеркәсіптік меншіктің қызметтік объектісіне қатысты өз құқықтарын қамтамасыз ету үшін сараптама ұйымына қорғау құжатын алуға өтінім беруге құқығы жоқ.

9. Өнеркәсіптік меншіктің қызметтік объектісі үшін авторға сыйақы төлеудің мөлшері, шарттары және тәртібі автор мен жұмыс беруші арасындағы келісімде белгіленеді. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда шешімді сот қабылдайды. Егер өнеркәсіптік меншіктің қызметтік объектісін құрудағы автор мен жұмыс берушінің үлестерін мөлшерлеу мүмкін болмаса, жұмыс беруші алған немесе алуға тиісті пайданың жартысына автордың құқығы бар деп танылады.»;

8) 1 1 - б а п т а :

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Патент иеленуші өзі алған қорғау құжатын кез келген жеке немесе заңды тұлғаларға бере алады. Өзгеге беру шарты уәкілетті органда міндетті түрде тіркелуге ж а т а д ы .

Қорғау құжатын өзгеге беру шартын тіркеу сараптама ұйымы жүргізетін материалдарды сараптау нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.»;

12-тармақтың бірінші және үшінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

«12. Шартты тіркеу туралы шешім шығарылғаннан кейін уәкілетті орган:

- 1) шарттың титулдық парағына тіркелген күнін және тіркеу нөмірін көрсете отырып , оның тіркелгені туралы мөртабан соғады;
- 2) шарт туралы мәліметтерді тіркелген шарттардың тізіліміне енгізеді;
- 3) шартты тіркеу туралы мәліметтерді жариялау үшін шарттың бақылау данасын қорытындымен қоса сараптама ұйымына жібереді.»;

«Тіркелген шарттар бойынша сараптама ұйымы оған қатысты шарт жасалатын өнеркәсіптік меншік объектісіне қорғау құжатына қосымшаны ресімдейді; тіркелген шарттың екі данасын және қорғау құжатына қосымшаны өтінімде хат жазысу үшін көрсетілген мекенжай бойынша жібереді; тіркелген шарттар туралы мәліметтерді, атап айтқанда, шарттың тіркелген нөмірі мен күнін, шарт тараптарының атауын немесе толық деректерін, шарттың нысанасын, шарттың қолданылу мерзімін, шарттың қолданылу аумағын бюллетеньде жариялайды.»;

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Қорғау құжатын өзгеге беру шарты уәкілетті органда тіркелген күнінен бастап к ү ш і н е е н е д і . » ;

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«15. Патент иеленуші қорғау құжатын күшінде ұстау үшін жыл сайын өтінім берген күнге сәйкес келетін күні төлем жүргізуге міндетті.

Қорғау құжатын күшінде ұстау үшін алғашқы төлем қорғау құжатын беру туралы мәліметтер жарияланған күннен бастап екі ай мерзімде жүргізіледі және өтінімді берген күннен бастап алдыңғы жылдар үшін төлемді қамтиды.»;

мынадай мазмұндағы 16-тармақпен толықтырылсын:

«16. Еуразиялық патентті Қазақстан Республикасының аумағында күшінде ұстау үшін төленетін баж мөлшерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.»;

9) 1 3 - б а п т а :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Өнеркәсіптік меншік объектісін басымдық берілген күннен бастап, бірақ өнертабысқа, өнеркәсіптік үлгіге немесе пайдалы модельге патент беру туралы мәліметтер жарияланған күнге дейін пайдалана бастаған тұлғалар патент иеленушінің талап етуі бойынша одан әрі пайдалануын тоқтатуға тиіс. Алайда мұндай тұлға патент иеленушіге осындай пайдалану нәтижесінде келтірілген шығынды өтеуге міндетті емес .

» ;

4-тармақ мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

«Тараптар істі бітімгерлік келісіммен немесе дауды медиация тәртібімен (қақтығысты) реттеу туралы келісіммен аяқтауы мүмкін, оларға тараптар қол қояды және оларды сот бекітеді.» ;

10) 14-баптың 3, 4 және 5-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Лицензиаттың өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға арналған лицензияны басқа адамға (қосалқы лицензиатқа) беруі туралы шарт (қосалқы лицензиялық шарт) лицензиялық шартта көзделген жағдайларда ғана жасалуы мүмкін.

Егер лицензиялық шартта өзгеше көзделмесе, қосалқы лицензиаттың әрекеттері үшін лицензиар алдында лицензиат жауапты болады.

4. Өнертабысты, пайдалы модельді, өнеркәсіптік үлгіні пайдалануға арналған лицензиялық шарт пен қосалқы лицензиялық шарт, сондай-ақ оған қосымша келісім жазбаша нысанда жасалады және олар уәкілетті органда міндетті түрде тіркелуге тиіс. Жазбаша нысанды немесе тіркеу туралы талапты сақтамау шарттың жарамсыздығына ә к е п с о ғ а д ы .

Лицензиялық шартты тіркеу сараптама ұйымы жүргізетін материалдарды сараптау нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, қосалқы лицензиялық шартты, сондай-ақ оған қосымша келісімді тіркеу тәртібіне лицензиялық шартты тіркеу туралы ережелер қолданылады.

5. Патент иеленуші өнеркәсіптік меншік объектілерін пайдалануға арналған лицензияны (ашық лицензияны) алу құқығын кез келген адамға беру туралы уәкілетті органға өтініш бере алады .

Көрсетілген лицензияны сатып алуға тілек білдіруші адам патент иеленушімен төлемдер туралы шарт жасасып, оны міндетті түрде уәкілетті органда тіркетуге тиіс. Шарт талаптары бойынша даулар сотта қаралады.

Патент иеленушінің ашық лицензия құқығын беру туралы өтініші кері қайтарылуға жатпайды және ашық лицензиялар туралы мәліметтер бюллетеньде жарияланған күннен бастап үш жыл бойы күшін сақтайды. Көрсетілген мерзім шегінде қорғау

құжаттарын күшінде ұстағаны үшін төлем ашық лицензиялар туралы мәліметтер жарияланғаннан кейінгі жылдан бастап 50 пайызға азаяды.

Лицензиялық шарт жасалған жағдайда, қорғау құжатын күшінде ұстау ақысы осы шарт жасалған жылдан кейінгі жылдан бастап толық көлемде жүргізіледі.»;

11) 17-баптың 2-тармағының б) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«б) істі өкіл арқылы жүргізген жағдайда – сенімхат немесе патенттік сенім білдірілген өкіл арқылы жүргізген жағдайда – сенімхаттың көшірмесі;»;

12) 18-баптың бірінші бөлігінде:

2-тармақтың б) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«б) істі өкіл арқылы жүргізген жағдайда – сенімхат немесе патенттік сенім білдірілген өкіл арқылы жүргізген жағдайда – сенімхаттың көшірмесі болуға тиіс;»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Пайдалы модельге өтінім берілген күн сараптама ұйымына өтінім берушінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол болса) немесе толық атауы, сипаттамасы және сызбасы көрсетіле отырып, пайдалы модельге патент беру туралы өтінішті қамтитын өтінімнің түскен күні бойынша, ал егер көрсетілген құжаттар бір мезгілде тапсырылмаса, онда тапсырылған құжаттардың соңғысы түскен күні бойынша белгіленеді.»;

13) 19 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Өнеркәсіптік үлгіге патент беруге өтінім (бұдан әрі – өнеркәсіптік үлгіге өтінім) бір өнеркәсіптік үлгіге немесе өзара байланысып кеткендігі соншалықты біртұтас шығармашылық ойды (өнеркәсіптік үлгінің біртұтастығы талабын) құрайтын өнеркәсіптік үлгілер тобына қатысты болуға тиіс.»;

2-тармақтың бірінші бөлігінің 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) істі өкіл арқылы жүргізген жағдайда – сенімхат немесе патенттік сенім білдірілген өкіл арқылы жүргізген жағдайда – сенімхаттың көшірмесі болуға тиіс.»;

14) 21-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«21-бап. Өтінім құжаттарын өтінім берушінің бастамасы бойынша түзету

1. Тиісті шешім қабылданғанға дейін өтінім берушінің өтінім құжаттарына өтінім берілген объектінің мәнін өзгертпей түзетулер мен нақтылаулар, сондай-ақ тиісті өтінішхат беру арқылы қорғау құжатын алуға құқықты беру кезінде өтінім берушінің нұсқауына қатысты өзгерістер енгізуге құқығы бар.

Осы өзгерістер өтінім түскен күннен бастап екі ай ішінде енгізілген жағдайда төлем алынбайды.

2. Өтінім беруші атауының өзгеруі нәтижесінде өтінім берушінің нұсқауына қатысты өзгерістер, сондай-ақ өтінім құжаттарындағы техникалық сипаттағы қателерді түзету тиісті төлем төленген жағдайда өнеркәсіптік меншік объектілері тиісті Мемлекеттік тізілімде тіркелген күнге дейін жүргізілуі мүмкін.»;

15) 22 - б а п т а :

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Егер өтінімге мәні бойынша сараптама жасау нәтижесінде сараптама жасау ұйымы өтінім беруші сұрап отырған құқықтық қорғау көлеміндегі мәлімделген ұсыныс осы Заңның 6-бабында айқындалған өнертабыстың патент қабілеттілігі талаптарына сәйкес келетінін анықтаса, онда сараптама жасау ұйымы белгіленген басымдықты көрсете отырып, патентке өтінім берушімен келісілген өнертабыс формуласымен бірге о н қ о р ы т ы н д ы б е р е д і .

Сараптама жасау ұйымының қорытындысы негізінде уәкілетті орган он күн мерзімде өнертабысқа патент беру туралы шешім шығарады.

Уәкілетті органның өнертабысқа патент беру туралы шешімінің негізінде сараптама жасау ұйымы он жұмыс күні ішінде өтінім берушіге сараптама жасау ұйымының қорытындысын және қорғау құжатын беру үшін баж төлеу қажеттігі туралы хабарлама ж і б е р е д і .

Өтінім берушіге уәкілетті органның патент беру туралы шешім қабылдағаны туралы хабарлама жіберілген күннен бастап үш ай ішінде өтінім беруші сараптама жасау ұйымына патентті беруге және жариялауға дайындығы үшін тиісті төлемді, сондай-ақ мемлекеттік баж төленгенін растайтын құжатты береді. Көрсетілген құжаттар берілмеген кезде өткізіп алған мерзімді қалпына келтіруге төлем жасалғаны туралы құжат берілген жағдайларда төлем мерзімі үш ай ішінде қалпына келтірілуі мүмкін. Олай болмаған жағдайда өтінім қайтарып алынған болып есептеледі, өтінім бойынша іс жүргізу тоқтатылады, ол туралы өтінім берушіге қалпына келтіру мерзімі өткен күннен бастап бір ай мерзім ішінде хабарланады.»;

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«11. Өтінім беруші сараптама жасау ұйымының тиісті қорытындысы берілгенге дейін өтінімді қараудың кез келген сатысында пайдалы модельге патент беру туралы өтінішхат бере алады. Бұл жағдайда сараптама осы Заңның 23-бабына сәйкес жү р г і з і л е д і . » ;

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Осы баптың 3, 4, 7, 8, 10-тармақтарында көзделген және өтінім беруші өткізіп алған мерзімді қалпына келтіру ақысының төленгені туралы құжатты ұсынған кезде сараптама жасау ұйымы қалпына келтіруі мүмкін.

Мерзімді қалпына келтіру туралы өтінішхатты өтінім беруші өткізіп алған мерзім өткен күннен бастап он екі айдан кешіктірмей беруі мүмкін. Мұндай өтінішхат сараптама жасау ұйымына сараптаманың сұрау салған материалдарымен, ақы төленгені туралы құжаттармен немесе апелляциялық кеңеске жасалған қарсылықпен бірге т а п с ы р ы л а д ы .

Сұрау салуға жауап беру немесе осы баптың 3, 8-тармақтарында көзделген қосымша құжаттарды ұсыну мерзімдері – өтінім берушінің белгіленген мерзім өткенге дейін берген өтініші бойынша төлем жасалған жағдайда, белгіленген мерзім өткен

күннен бастап алты айға дейінгі мерзімге, ал осы баптың 10-тармағында көзделген қарсылық білдіру мерзімдері – белгіленген мерзім өткен күннен бастап үш айдан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін.»;

16) 22-1-бап алып тасталсын;

17) 23-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«23-бап. Пайдалы модельге патент беруге арналған өтінімге сараптама

1. Сараптама жасау ұйымына келіп түскен өтінім бойынша осы Заңның 18-бабы 2-тармағының бірінші бөлігінің 1), 2, 4) тармақшаларында көзделген өтінім құжаттарының бар-жоғы тексеріледі, өтінім берілген күн белгіленеді. Егер өтінім осы Заңның 18-бабы 2-тармағының бірінші бөлігі 1), 2), 3) және 4) тармақшаларының талаптарын қанағаттандырмаса, сараптама жасау ұйымы өтінім берушіге бұл туралы хабарлайды және жетіспейтін құжаттарды (мәліметтерді) осындай хабарлама жіберілген күннен бастап үш ай ішінде табыс етуді ұсынады. Өтінім беруші сұратылған құжаттарды (мәліметтерді) белгіленген мерзімде ұсынбаған жағдайда, өтінім берілмеген болып есептеледі, ол туралы өтінім берушіге тиісті хабарлама жіберіледі.

Сараптама жүргізу барысында осы Заңның 18-бабының 2-тармағында көзделген қажетті құжаттардың бар-жоғы және оларға қойылатын белгіленген талаптардың орындалуы тексеріледі, пайдалы модельдің басымдық күні, мәлімделген ұсынысты пайдалы модель ретінде қорғалатын объектілерге жатқызу мүмкіндігі айқындалады, пайдалы модельдің бірлігі тексеріледі. Мәлімделген пайдалы модельдің осы Заңның 7-бабының 1-тармағында белгіленген патент қабілеттілігі талаптарына сәйкестігі жүзеге асырылмайды. Патент өтінім берушінің тәуекеліне және жауапкершілігіне беріледі.

Пайдалы модельге өтінімнің сараптамасын өткізген кезде тиісінше осы Заңның 22-бабының 2, 3, 4 және 13-тармақтарындағы ережелер қолданылады.

Егер сараптама нәтижесінде өтінімнің пайдалы модельдер ретінде қорғалатын объектілерге жататыны және құжаттардың белгіленген талаптарға сәйкестігі анықталса, пайдалы модельге патент беруге сараптама жасау ұйымының оң қорытындысы беріледі.

Сараптама жасау ұйымының қорытындысы он күн мерзімде патент беру туралы шешім қабылдау үшін уәкілетті органға жіберіледі, бұл туралы (мұндай шешім қабылданған жағдайда) өтінім берушіге хабарланады.

Сараптама жасау ұйымының қорытындысы негізінде уәкілетті орган он күн мерзімде пайдалы модельге патент беру туралы шешім шығарады.

Уәкілетті органның пайдалы модельге патент беру туралы шешімінің негізінде сараптама жасау ұйымы он жұмыс күні ішінде өтінім берушіге сараптама жасау ұйымының қорытындысын және қорғау құжатын беру үшін баж төлеу қажеттігі туралы хабарлама жібереді.

Уәкілетті органның патент беру туралы шешім қабылдағаны туралы хабарлама өтінім берушіге жіберілген күннен бастап үш ай ішінде өтінім беруші сараптама жасау

ұйымына патентті беруге және жариялауға дайындағаны үшін тиісті төлемді, сондай-ақ мемлекеттік бажды төлегенін растайтын құжатты ұсынады. Көрсетілген құжаттар берілмеген кезде өткізіп алған мерзімді қалпына келтіруге төлем жасалғаны туралы құжатты ұсынған жағдайда төлем мерзімі үш ай ішінде қалпына келтірілуі мүмкін. Олай болмаған жағдайда өтінім қайтарып алынған болып есептеледі, өтінім бойынша іс жүргізу тоқтатылады, бұл туралы өтінім берушіге қалпына келтіру мерзімі өткен күннен бастап бір ай мерзімде хабарланады.

Егер сараптама нәтижесінде өтінімнің пайдалы модельдер ретінде қорғалмайтын объектілерге жататыны анықталса, сараптама жасау ұйымының теріс қорытындысы беріледі. Егер өтінім беруші өзі ұсынған формулада өтінімнің бастапқы материалдарында болмаған белгілерді қамтитыны немесе пайдалы модель ретінде қорғалатын объектіден басқа пайдалы модель ретінде қорғалатын объектілерге жатпайтын ұсынысты да сипаттайтыны немесе оған қатысты пайдалы модель бірлігі талаптарының бұзылуына байланысты қаралмағандығы туралы хабарламадан кейін формуланы өзгертпеген жағдайда да сараптама жасау ұйымының теріс қорытындысы беріледі.

Өтінім беруші сараптама жасау ұйымының теріс қорытындысына ол жіберілген күннен бастап үш ай мерзім ішінде уәкілетті органға қарсылық беруге құқылы. Қарсылықты оның түскен күнінен бастап екі ай мерзімде апелляциялық кеңес қарауға тиіс.

4. Өтінім беруші өтінім қаралуының кез келген сатысында, сондай-ақ патент иеленуші мен үшінші тұлғалар патент беру туралы мәліметтер жарияланғаннан кейін техникалық деңгейін анықтау үшін сонымен салыстыру арқылы пайдалы модельдің патент қабілеттілігін бағалау жүзеге асырылатын ақпараттық іздестіру жүргізу туралы өтінішхат беруі мүмкін. Бұл ретте тиісінше осы Заңның 22-бабы 11-тармағының ережелері

қолданылады.» ;

18) 24 - бапта :

2-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Егер өтінім беруші белгіленген мерзімде сұратылған құжаттарды немесе белгіленген мерзімді ұзарту туралы өтінішхатты бермесе, өтінім қайтарып алынған болып есептеледі, ол туралы өтінім берушіге тиісті хабарлама жіберіледі. Бұл мерзім тиісті төлем төленген жағдайда, бірақ үш айдан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін.» ;

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

«2-1. Өнеркәсіптік үлгінің бірлігі талаптары бұзыла отырып берілген өтінім бойынша өтінім берушіге оған тиісті хабарлама жіберілген күннен бастап үш ай мерзім ішінде өнеркәсіптік үлгінің қайсысы қаралуға жататынын хабарлау және қажет болған кезде өтінім құжаттарына нақтылау енгізу ұсынылады. Бастапқы өтінім материалдарына енгізілген басқа өнеркәсіптік үлгілер бөлектелген өтінімдермен

ресімделуі мүмкін. Бөлектелген өтінімдердің басымдығы осы Заңның 20-бабының 5-тармағына сәйкес белгіленеді.

Егер өтінім беруші өзіне бірлік талаптары бұзылғаны туралы хабарлама жіберілген күннен бастап үш ай мерзімде өнеркәсіптік үлгілердің қайсысы қаралуға жататынын хабарламаса және нақтыланған құжаттарды бермесе, сипаттамада бірінші көрсетілген объектіні, сондай-ақ біріншісімен олар өнеркәсіптік үлгінің бірлік талабын қанағаттандыратындай байланыста болатын басқа өнеркәсіптік үлгілерді қарау жүргізіледі.»;

4-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Қосымша материалдарға өнеркәсіптік үлгінің мәнін өзгертетін бөлігінде осы баптың 1-тармағында белгіленген тәртіп қолданылады. Егер өтінім беруші сұратылған материалдарды немесе белгіленген мерзімді ұзарту туралы өтінішхатты белгіленген мерзімде ұсынбаса, өтінім қайтарып алынған болып есептеледі. Бұл мерзім тиісті төлем төленген жағдайда, бірақ үш айдан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін.»;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Сараптама жасау ұйымы, егер өтінімге мәні бойынша жүргізілген сараптама нәтижесінде өтінім берушінің сұраған көлемдегі құқықтық қорғау мәлімделген ұсынысы осы Заңның 8-бабында айқындалған өнеркәсіптік үлгінің патент қабілеттілігі шарттарына сәйкес келетінін анықтаса, онда сараптама жасау ұйымы белгіленген басымдықты көрсете отырып, өтінім берушімен келісілген елеулі белгілер жиынтығымен бірге патентке оң қорытынды береді.

Сараптама жасау ұйымының қорытындысы негізінде уәкілетті орган он күн мерзімде өнеркәсіптік үлгіге патент беру туралы шешім шығарады.

Уәкілетті органның өнеркәсіптік үлгіге патент беру туралы шешімі негізінде сараптама жасау ұйымы он жұмыс күні ішінде өтінім берушіге сараптама жасау ұйымының қорытындысын және қорғау құжатын беру үшін баж төлеу қажеттігі туралы х а б а р л а м а ж і б е р е д і .

Уәкілетті органның патент беру туралы шешім қабылдағаны туралы хабарлама өтінім берушіге жіберілген күннен бастап үш ай ішінде өтінім беруші сараптама жасау ұйымына патентті беруге және жариялауға дайындағаны үшін тиісті төлемді, сондай-ақ мемлекеттік баждың төленгенін растайтын құжатты ұсынады. Көрсетілген құжаттар берілмеген кезде өткізіп алған мерзімді қалпына келтіруге төлем жасалғаны туралы құжат берілген жағдайда төлем мерзімі үш ай ішінде қалпына келтірілуі мүмкін. Олай болмаған жағдайда, өтінім қайтарып алынған болып есептеледі, өтінім бойынша іс жүргізу тоқтатылады, бұл туралы өтінім берушіге қалпына келтіру мерзімі өткен күннен бастап бір ай мерзімде хабарланады.»;

8-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Сараптама жасау ұйымы осы баптың 2, 3 және 4-тармақтарында көзделген және өтінім беруші өткізіп алған мерзімді қалпына келтіруге ақы төленгені туралы құжатты

ұсынған кезде қалпына келтіруі мүмкін.»;

19) 26-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Сараптама ұйымы өнертабысқа патент беру туралы мәліметтерді өтінім берілген күннен бастап он сегіз ай, ал пайдалы модельге және өнеркәсіптік үлгіге патент беру туралы мәліметтерді он екі ай өткен соң бюллетеньде жариялайды. Өтінім берушінің өтінішхаты бойынша сараптама ұйымы мәліметтерді көрсетілген мерзімнен ерте жариялайды.»;

20) 30-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Апелляциялық кеңес шешімінің немесе сот шешімінің негізінде қорғау құжаты толық немесе ішінара жарамсыз деп танылады.

Қорғау құжаты ішінара жарамсыз деп танылған жағдайда өнертабыстың қалған қорғауға қабілетті объектісіне, өнертабыстың, пайдалы модельдің немесе өнеркәсіптік үлгінің нұсқасына жаңа патент беріледі.

Өнертабысқа, пайдалы модельге немесе өнеркәсіптік үлгіге берілген толық немесе ішінара жарамсыз деп танылған патент, патентке өтінім берілген күннен бастап күшін жояды.

Кейіннен жарамсыз деп танылған патент негізінде жасалған лицензиялық шарттар патентті жарамсыз деп тану туралы шешім шығарылған кезде орындалған деңгейде күшін сақтайды.

Патентті жарамсыз деп тану уәкілетті органның өнертабысқа, пайдалы модельге немесе өнеркәсіптік үлгіге патент беру туралы шешімінің күшін жоюды және тиісті мемлекеттік тізілімдегі жазбаны жоюды білдіреді.»;

21) 31-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Заңның 30-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген негізде тоқтатылған патенттің қолданысы, патент иеленушінің өтінішхаты бойынша патентті күшінде ұстау үшін төленетін төлемнің мерзімі өткен күннен бастап үш жыл ішінде қалпына келтірілуі мүмкін. Қалпына келтіру туралы өтінішхатқа патенттің қолданылуын қалпына келтіруге құжаттарды дайындау үшін және оны қолдану кезеңінде күшінде ұстау үшін төлем мерзімі өтіп кеткен төлемді растайтын құжат қоса беріледі.

Сараптама ұйымы қалпына келтіру туралы өтінішхат берілген күннен бастап үш айдан кешіктірмей патенттің қолданысын қалпына келтіру туралы мәліметтерді бюллетеньде жариялайды. Жарияланым күні патенттің қолданылуы қалпына келтірілген күн болып табылады.»;

22) 32-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Апелляциялық кеңес осы Заңның 22-бабының 10-тармағына, 23-бабының 3-тармағына, 24-бабының 6-тармағына және 29-бабының 2-тармағына сәйкес берілетін қарсылықтар бойынша дауларды сотқа дейін қарау жөніндегі уәкілетті органның

бөлімшесі болып табылады. Апелляциялық кеңес туралы ережені уәкілетті орган б е к і т е д і . » ;

2 - т а р м а қ т а :

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Апелляциялық кеңеске мынадай:

1) өнертабысқа, пайдалы модельге, өнеркәсіптік үлгіге патент беруден бас тарту туралы уәкілетті органның шешімдеріне (сараптама ұйымының қорытындысына);

2) өнертабысқа, пайдалы модельге, өнеркәсіптік үлгіге патент беруге, өнертабысқа еуразиялық патенттің қолданысына қарсы қарсылықтар берілуі мүмкін.»;

жетінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген қарсылықтарды берудің өтініш беруші өткізіп алған мерзімі өткізіп алған мерзімді қалпына келтіру ақысының төленгені туралы құжат ұсынылған жағдайда қалпына келтірілуі мүмкін. Өткізіп алған мерзімді қалпына келтіру туралы өтінішхатты өтініш беруші осы Заңда белгіленген мерзімдер ішінде беруі мүмкін. Мұндай өтінішхат апелляциялық кеңеске қарсылықпен бір мезгілде ұсынылады.» ;

2 3) 3 6 - 1 - б а п т а :

1-тармақтың 3) және 4) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«3) өнертабыстарға, пайдалы модельдерге және өнеркәсіптік үлгілерге құқықтарды қорғау мәселелері бойынша уәкілетті органмен және (немесе) сараптама ұйымымен өзара іс-қимыл жасау, оның ішінде хат-хабар алмасуды жүргізу, сараптама қорытындыларына қарсылықтарды дайындау және жолдау, сараптама ұйымы жанындағы сараптама кеңесінің отырыстарына қатысу;

4) басқаға беру шарттарын, лицензиялық (қосалқы лицензиялық) шарттарды және оларға қосымша келісімдерді жасасуға, қарауға және кейіннен оларды сараптамаға беруге жәрдемдесу қызметін жүзеге асыруға құқылы.»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Патенттік сенім білдірілген өкіл өнертабысқа, пайдалы модельдерге және өнеркәсіптік үлгілерге өтінімдер беруге және (немесе) қорғау құжаттарын алуға, сондай-ақ апелляциялық кеңеске қарсылықтарды беруге байланысты істерді жүргізуге арналған сенімхаттың көшірмесін сараптама ұйымына және уәкілетті органға ұсынады.

Егер сенімхат шет тілінде жасалса, онда міндетті түрде оның нотариус куәландырған қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасы ұсынылуға тиіс.».

6. «Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы» 1999 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 21, 776-құжат; 2004 ж., № 17, 100-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; 2007 ж., № 5-6, 37-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 13-құжат; № 14, 95-құжат):

1) 1 - б а п т а :

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) географиялық сілтеме – бұл белгілі бір аумақтан, өңірден немесе жерден шығарылатын тауарды сәйкестендіру сілтемесі;»;

мынадай мазмұндағы 4-2) тармақшамен толықтырылсын:

«4-2) Сингапур шарты – 2006 жылғы 27 наурыздағы Тауар таңбалары жөніндегі заңдар туралы Сингапур шарты;»;

9), 10), 11) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«9) тауар таңбасын немесе тауар шығарылған жердің атауын пайдалану – тауар таңбасын немесе тауар шығарылған жердің атауын қорғалатын тауарларда және қызметтер көрсету кезінде және (немесе) олардың бумасында қолдану, тауар таңбасының немесе тауар шығарылған жердің атауының белгісі бар тауарды жасау, қолдану, әкелу, сақтау, сатуға ұсыну, сату, маңдайшажазуларда, жарнамада, баспа өнімінде немесе өзге де іскерлік құжаттамада қолдану, сондай-ақ оларды азаматтық айналымға өзгеше енгізу;

10) тауар таңбасының немесе тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығының иесі – осы Заңға сәйкес тауар таңбасына айрықша құқыққа немесе тауар шығарылған жердің атауын пайдалануға айрықша құқыққа ие заңды немесе жеке тұлға;

11) тауар шығарылған жердің атауы – елдің, өңірдің, елді мекеннің, жердің не басқа географиялық сілтеменің атауын білдіретін не құрамында атауы бар белгі, сондай-ақ осындай атаудан туындаған және ерекше қасиеттері, сапасы, репутациясы немесе басқа да сипаттары негізінен оның географиялық шығу тегіне, оның ішінде өзіне тән табиғи жағдайларға және (немесе) адам факторына байланысты тауарға қатысты оны пайдалану нәтижесінде белгілі болған сілтемесі;»;

мынадай мазмұндағы 13), 14) және 15) тармақшалармен толықтырылсын:

«13) бірдей тауар таңбалары – барлық элементтері сәйкес келетін таңбалар немесе белгілер;

14) араласып кеткен дәрежеге дейін ұқсас таңбалар – жекелеген элементтерінің айырмашылығы бар және тұтынушы ассоциативті тұрғыда бірдей деп қабылданатын ұқсас таңбалар немесе белгілер;

15) біртектес тауарлар немесе көрсетілетін қызметтер – бұл тауарларда бірдей немесе ұқсас таңбаларды қолданған кезде тұтынушыда олардың бір өндірушіге тиесілі екені туралы пікір тудыруы мүмкін бір текке (түрге) жататын бір функцияны орындайтын тауарлар немесе қызметтер.»;

2) 2-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасының тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы заңдары Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің нормаларынан, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.»;

3) 3-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Уәкілетті органның құзыретіне:

1) тауар таңбаларын, қызмет көрсету таңбаларын, тауар шығарылған жерлердің атауларын құқықтық қорғау саласында мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу;

2) тауар таңбаларын және тауар шығарылған жерлердің атауларын тіркеу;

3) тауар таңбасын жалпыға бірдей белгілі деп танудың тәртібін айқындау;

4) тауар шығарылған жерлердің атауын тіркеудің және (немесе) тауар шығарылған жерлердің атауын пайдалануға құқық берудің тәртібін айқындау;

5) тауар таңбасына құқықты беру туралы шартты тіркеу жөніндегі өтініштің н ы с а н ы н б е к і т у ;

6) тауар таңбасын пайдалануға лицензиялық шартты, қосалқы лицензиялық шартты, кешенді кәсіпкерлік лицензия шартын және кепіл шартын тіркеу туралы өтініштің н ы с а н ы н б е к і т у ;

7) тауар таңбаларын, тауар шығарылған жерлердің атауларын, қызмет көрсету таңбаларын пайдаланатын жеке және заңды тұлғалардың қызметін бақылау;

8) хаттамаларды жазу және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау, ә к і м ш і л і к ж а з а л а р қ о л д а н у ;

9) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.»;

4) 3-1-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Ұжымдық тауар таңбасын тіркеуге өтінім қабылдауды; формальды сараптама жүргізуді; өтінім материалдарына өзгерістер мен түзетулер енгізуді; өтініш берушінің бастамасы бойынша сыныптар бойынша тауар таңбасына өтінімдер бөлуді; тауар таңбасына өтінімді ұжымдық тауар таңбасына қайта өзгертуді және керісінше өзгертуді ; Мадрид келісіміне сәйкес халықаралық өтінімді қабылдауды; тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің халықаралық сыныпталуына сәйкес тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесін дайындауды; халықаралық өтінімге өзгерістер енгізу туралы өтінішті салып жіберуді, ресімдеуді; үшеуден асқан әрбір сынып үшін қосымша өтінімге сараптама жүргізуді; өтінім берілген күннен бастап алты айдан кейін толық сараптаманы жедел әрі жылдамдатып жүргізуді; тіркеуден алдын ала бас тарту туралы шешімге қарсылық білдіруді қарауды; сараптаманың шешіміне қарсылық білдіру мерзімін әр айда ұзартып отыруды; сауалға жауап қайтару мерзімін әр ай сайын ұзартып отыруды; сауалға жауап қайтарудың, ақы төлеудің, өтініш берушінің қарсылық білдіруінің өткізіп алған мерзімін қалпына келтіруді; тіркеу туралы мәліметтерді жариялауды; қорғалатын тауар таңбаларының, қызмет көрсету таңбаларының және тауар шығарылған жерлердің атауларының мемлекеттік тізілімдеріне өзгерістер енгізуді; тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығына арналған тіркеудің, тауар таңбасына арналған және қосымша үшеуден асатын әрбір сынып үшін тіркеудің қолданыс мерзімін ұзартуды; ұзарту туралы

мәліметтерді жариялауды; кепіл шартына, бір немесе бір топ өнеркәсіптік меншік объектілеріне қатысты кешенді кәсіпкерлік лицензия беру туралы шартқа сараптама жүргізуді; қосымша келісімдерге сараптама жүргізуді және шарттарды тіркеу туралы мәліметтерді жариялауды; мемлекеттік тізілімнен үзінді көшірмелер, анықтамалар беруді; тауар таңбаларының дерекқорындағы белгілерді және іздестіру туралы есепті ұсына отырып, тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің аталған сыныптарына қатысты тіркеуге мәлімделген белгілерді алдын ала іздестіруді жүргізуді; баспа және электрондық басылымдарды өткізуді және жариялауды қоса алғанда, тауар таңбаларын, қызмет көрсету таңбалары мен тауар шығарылған жерлердің атауларын тіркеуге өтінімдер қабылдау және өтінімдерге сараптама жүргізу, тауар таңбаларына, қызмет көрсету таңбаларына арналған құқықтарды беру туралы шарттарға, лицензиялық (қосалқы лицензиялық) шарттарға сараптама жүргізу, қорғалатын тауар таңбаларының, қызмет көрсету таңбаларының және тауар шығарылған жерлердің атауларының мемлекеттік тізілімдерін жүргізу жөніндегі қызмет мемлекеттік монополияға жатады және оны Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған сараптама ұйымы жүзеге асырады.»;

5) 4-баптың 2 және 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Тауар таңбаларын құқықтық қорғау кез келген заңды немесе жеке тұлғаларға беріледі.

3. Тауар таңбасына құқық Қазақстан Республикасының Тауар таңбаларының мемлекеттік тізілімінде тіркеу туралы жазбамен куәландырылады және Қазақстан Республикасының Тауар таңбаларының мемлекеттік тізілімінен үзінді көшірмемен расталады.»;

6) 6-баптың 1-тармағында:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) тауарлардың (көрсетілетін қызметтердің) белгілі бір түрін белгілеу үшін жалпыға ортақ қолданысқа енген;»;

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

«3-1) дәрілік заттардың патенттелмейтін халықаралық атауларын білдіретін;»;

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«6) тауарларды немесе көрсетілетін қызметтерді белгілеу үшін пайдаланылатын олармен тікелей сипаттық байланысы бар тауар таңбаларын тіркеуге жол берілмейді.»;

7) 7-баптың 1-тармағының бірінші бөлігінде:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) біртектес тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге қатысты басқа тұлғаның атына неғұрлым ертерек басымдықпен Қазақстан Республикасында тіркелген және халықаралық шарттарға орай қорғалатын тауар таңбаларымен немесе сол тұлғаның сол тауарлары мен көрсетілетін қызметтеріне қатысты ұқсас тауар таңбаларымен;»;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) біртектес тауарлар мен қызметтерге (кері қайтарып алынғандарынан басқа) қатысты басқа тұлғаның атына неғұрлым ертерек басымдықпен тіркеуге берілген белгілермен немесе сол тұлғаның сол тауарлары мен көрсетілетін қызметтеріне қатысты ұқсас белгілермен;»;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген тауар таңбаларының қандай да біреуімен араласып кету дәрежесіне дейін ұқсас белгіні біртектес тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге қатысты тауар таңбасы ретінде тіркеуге тауар таңбасы иесінің келісімі берілген кезде жол беріледі.»;

8-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Тауар таңбасына өтінімді сараптама ұйымына бір өтінім иесі береді.»;

9) 9 - б а п т а :

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«9-бап. Тауар таңбасын тіркеуге берілетін өтінімге қойылатын талаптар»;

2-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) өтінім берушіні, сондай-ақ оның орналасқан жерін немесе тұрғылықты жерін көрсете отырып, белгіге сараптама жүргізу туралы өтінішті;»;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Өтінім және оған қоса берілетін құжаттар қазақ тілінде немесе орыс тілінде беріледі. Егер құжаттар басқа тілде берілсе, онда өтінім беруші бір ай мерзімде олардың қазақ тіліндегі немесе орыс тіліндегі аудармасын береді.»;

10) 10-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Тауар таңбасының түрлі тауарларға қатысты көптеген басымдығы әртүрлі тауарларға қатысты бір белгіге берілген оның бірнеше өтінімі болған кезде өтінім берушінің өтінішхаты бойынша белгіленеді.»;

11) 11 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) алдын ала сараптама – өтінім келіп түскен күннен бастап бір ай ішінде жүргізіледі, оның барысында өтінімнің мазмұны, осы Заңның 5 және 9-баптарында белгіленген талаптарға сәйкес қажетті құжаттардың бар-жоғы тексеріледі. Сараптама нәтижелері бойынша өтініш берушіге он жұмыс күні ішінде өтінімнің қарауға қабылданғаны немесе іс жүргізудің тоқтатылғаны туралы хабарлама жіберіледі;»;

мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

«3) тауар таңбасына өтінімге сараптама осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген мерзімдерден бұрын, бірақ өтінім берілген күннен бастап 6 айдан асырмай, өтініш берушінің жазбаша өтінішхаты бойынша, қосымша ақы төлеу ш а р т ы м е н жүргізіледі.»;

12) 12 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Алдын ала жасалған сараптама нәтижелері бойынша өтініш берушіге он жұмыс күні ішінде өтінімнің қарауға қабылданғаны, оған тиісті нөмір берілгені, берілген күні және басымдық күні белгіленгені туралы не өтінімді қарауға қабылдаудан бас тартылғаны туралы дәлелді қорытынды түрінде хабарланады.

Сараптама ұйымы толық сараптама нәтижелері бойынша шығарылған тіркеу, ішінара тіркеу не тіркеуден бас тарту туралы сараптамалық қорытындыны он жұмыс күні ішінде уәкілетті органға жібереді. Тіркеуден алдын ала бас тарту туралы сараптамалық қорытынды он жұмыс күні ішінде өтініш берушіге жіберіледі.»;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Уәкілетті органның тауар таңбасын тіркеу туралы шешімінің негізінде өтініш беруші сараптама ұйымының оң қорытындысы туралы хабарлама алған күннен бастап үш ай ішінде тауар таңбасын тіркегені үшін мемлекеттік баж төлеуді, сондай-ақ тіркеу туралы мәліметтерді жариялағаны үшін сараптама ұйымының іс-әрекеттеріне ақы төлеуді жүргізеді.

Өтініш беруші белгіленген тәртіппен тауар таңбасын тіркегені үшін мемлекеттік баж және мәліметтерді жариялағаны үшін сараптама ұйымының іс-әрекеттеріне ақы төлегені туралы құжаттарды ұсынбаған кезде тауар таңбасын тіркеу жүзеге асырылмайды, ал тауар таңбасына тиісті өтінім қайтарып алынған болып танылады және ол бойынша іс жүргізу тоқтатылады.»;

13) 13-баптың б) тармақшасында «танысуға құқығы бар» деген сөздер «танысуға» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 7), 8) тармақшалармен толықтырылсын:

«7) апелляциялық кеңеске қарсылық беруге байланысты іс жүргізуді тоқтата тұру туралы өтініш беруге;

8) тауар таңбасын, қызмет көрсету таңбасын алуға құқықты шарт жасамастан басқа тұлғаға беру туралы өтініш білдіруге құқығы бар.»;

14) 14-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«14-бап. Тауар таңбаларының мемлекеттік тізілімі

1. Тауар таңбасын тіркеу туралы мәліметтер сараптама ұйымының қызметтеріне ақы төленген және тауар таңбасын тіркегені үшін мемлекеттік баж төленген кезде Мемлекеттік тізілімге енгізіледі.

Тауар таңбаларының мемлекеттік тізіліміне:

- 1) тауар таңбасының бейнесі;
- 2) оның иелері туралы мәліметтер;
- 3) тауар таңбасын тіркеу нөмірі мен күні;
- 4) ұжымдық тауар таңбасы екенін көрсету;
- 5) тауар таңбасы тіркелген тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесі;
- 6) сараптама ұйымына берілген өтінімнің нөмірі мен күні;

7) егер конвенциялық басымдық белгіленген болса, алғашқы өтінім берілген ел, оның нөмірі және берілген күні;

8) қорғалатын тауар таңбасына құқық беру туралы мәліметтерді қоса алғанда, тауар таңбасын тіркеуге қатысты басқа да мәліметтер енгізіледі.

2. Тауар таңбаларының мемлекеттік тізілімі жалпыға бірдей қолжетімді болып табылады. Мүдделі тұлғалардың өтінішхаты бойынша сараптама ұйымы Тауар таңбаларының мемлекеттік тізілімінен үзінді көшірме береді.

3. Тауар таңбасының иесі өзінің тегінің, атының және қалауы бойынша әкесінің атының, тұратын жерінің не атауы мен орналасқан жерінің өзгеруі туралы мәліметтерді қоса алғанда, тіркеуге қатысты өзгерістер, сондай-ақ тіркеуді мәні бойынша өзгертпейтін тауар таңбасы тіркелген тауарлар және/немесе көрсетілетін қызметтер тізбесін қысқарту туралы сараптама ұйымын хабардар етуге міндетті.

4. Өзгерістер енгізу туралы өтінішхатты берген және тиісті төлемді төлеген күннен бастап бір ай ішінде осы баптың 3-тармағында көрсетілген өзгерістерді, сондай-ақ техникалық сипаттағы қателерді түзету үшін өзгерістерді сараптама ұйымы Тауар таңбаларының мемлекеттік тізіліміне енгізеді.

Тауар таңбаларының мемлекеттік тізіліміне өзгерістер енгізген күннен бастап екі ай ішінде өтініш берушіге тиісті өзгерістердің енгізілгені туралы хабарлама жіберіледі.»;

15) 15-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Тауар таңбасын тіркеудің қолданыс мерзімі оның қолданысының соңғы жылы ішінде иесі берген өтінішхат бойынша әр жолы он жылға ұзартылады. Тіркеудің қолданыс мерзімін ұзартуы туралы мәліметтер өтінішхат берілген күннен бастап бір ай ішінде Тауар таңбаларының мемлекеттік тізіліміне енгізіледі.»;

16) 16-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«16-бап. Тіркеу туралы мәліметтерді жариялау

Тауар таңбаларының мемлекеттік тізіліміне енгізілген тауар таңбасын тіркеуге қатысты мәліметтерді, сондай-ақ тіркеуге қатысты кейінгі өзгерістерді Тауар таңбаларының мемлекеттік тізіліміне тікелей жазылған соң сараптама ұйымы екі ай ішінде бюллетеньде жариялайды.

Тауар таңбаларының мемлекеттік тізіліміне ұжымдық тауар таңбасының иелері туралы мәліметтер қосымша енгізіледі.»;

17) 17-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Тіркелуінің қолданылу мерзімі өтіп кеткен тауар таңбасымен араласып кеткен дәрежеге дейін бірдей немесе ұқсас тауар таңбасы, тауар таңбасын тіркеудің қолданылуы тоқтатылған күннен бастап бір жыл бойы басқа тұлғаның атына тіркеле алмайды.» ;

18) 18-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«18-бап. Тауар таңбаларының мемлекеттік тізілімінен үзінді көшірме

1. Тауар таңбаларының мемлекеттік тізілімінен үзінді көшірме тауар таңбасының

тіркелу фактісін, оның басымдығын, тауар таңбаларының мемлекеттік тізілімінде көрсетілген тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге қатысты тауар таңбасына иесінің а й р ы қ ш а қ ұ қ ы ғ ы н р а с т а й д ы .

2. Үзінді көшірменің нысанын уәкілетті орган белгілейді.»;
1 9) 1 8 - 1 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген немесе халықаралық шарттарға орай қорғалатын тауар таңбасы, сондай-ақ Қазақстан Республикасында құқықтық қорғалмайтын тауар таңбасы ретінде пайдаланылатын, бірақ белсенді пайдалану нәтижесінде Қазақстан Республикасында кеңінен мәлім болған белгі Қазақстан Республикасында жалпыға бірдей белгілі тауар таңбасы деп танылуы мүмкін .

Тауар таңбасын Қазақстан Республикасында жалпыға бірдей белгілі деп тану жөніндегі жеке немесе заңды тұлғалардың өтінішін уәкілетті органның тауар таңбасын жалпыға бірдей белгілі деп тану жөніндегі комиссия қарайды.

Уәкілетті орган өтінім берілген күннен бастап екі ай ішінде нормативтік актілермен белгіленген қажетті құжаттардың бар-жоғын тексереді, өтініш берушіні өтінімді қарауға қабылдағаны туралы хабардар етеді және ол туралы мәліметтерді танысу және үшінші тұлғалар тарапынан келіспеушіліктерді уәкілетті органға ықтимал жіберу үшін ж а р и я л а й д ы .

Жарияланған күнінен бастап үш ай өткен соң өтінім мен оған қоса берілетін, таңбаның жалпыға белгілі екенін растайтын материалдарды уәкілетті орган қарайды. Көрсетілген мерзім өткен соң уәкілетті орган үш ай ішінде өтінімді қарастыруды ө т к і з е д і .

Өтінім беруші оны қарау аяқталғанға дейін өтінім материалдарына түзетулер, толықтырулар және нақтылаулар енгізуге құқылы.

Үшінші тұлғалар тарапынан келіспеушіліктер болған кезде өтінім берушіге тиісті хабарлама жіберіледі, өтінім беруші оған жауапты өтінімді қарау нәтижелері бойынша қорытынды шығарылғанға дейін береді.

Қазақстан Республикасында тауар таңбасын (қызмет көрсету таңбасын) жалпыға бірдей белгілі деп тану жөніндегі комиссия туралы ережені уәкілетті орган бекітеді.

Өтінімді қарау нәтижелері бойынша уәкілетті органның комиссиясы тауар таңбасын жалпыға бірдей белгілі деп тану туралы не ондай деп танудан бас тарту туралы шешім қабылдайды, мұндай шешім қабылданған кезден бастап он жұмыс күні ішінде тауар таң б а с ы н ы ң и е с і н е жіберіледі.

Егер өтінім беруші ұсынған нақты мәліметтер таңбаның жалпыға бірдей белгілі болуы өтініште көрсетілгеннен өзге күн екенін растаса, тауар таңбасы нақтылы күннен бастап жалпыға бірдей белгілі деп танылуы мүмкін.

Таңбаның жалпыға бірдей белгілі болып нақты танылуы туралы мәліметтер

тұтынушыларға сауалнама жүргізу нәтижелерімен расталады, оны Қазақстан Республикасының аумағында мамандандырылған тәуелсіз ұйым жүргізеді. Сауалнама Астана және Алматы қалаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасының облыстық маңызы бар кемінде бес қаласын қамтуға тиіс. Бір елді мекендегі респонденттердің саны кемінде жүз адамды құрауға тиіс.

Е г е р :

олар тауар таңбасының жалпыға бірдей белгілі екенін тану үшін жеткіліксіз болса; өзінің тауар таңбасын жалпыға бірдей белгілі деп тануға өтініш берген күннен неғұрлым ертерек басымдығы бар, қорғалатын немесе біртектес тауарларға қатысты өзге тұлғаның атына мәлімделген, өтініш берушінің тауар таңбаларымен араласып кеткен дәрежеге дейін бірдей немесе ұқсас тауар таңбасы бар екені анықталса, тауар таңбасын жалпыға бірдей белгілі деп танудан бас тарту туралы шешім шығарылады.

Уәкілетті орган комиссиясының осы тармақтың төртінші бөлігінде көрсетілген шешіміне сотқа шағым жасалуы мүмкін.»;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген белгіні немесе тауар таңбасын жалпыға бірдей белгілі деп тану негізінде тиісті мәліметтер Қазақстан Республикасының Тауар таңбаларының мемлекеттік тізіліміне енгізіледі.

Тауар таңбасын жалпыға бірдей белгілі деп танудың қолданылу мерзімі оның иесінің өтінішхаты бойынша және тауар таңбасының жалпыға бірдей белгілі екенін растайтын мәліметтерді берген кезде келесі он жыл мерзімге ұзартылады.

Жалпыға бірдей белгілі тауар таңбасын тіркеу туралы, оның иесі туралы мәліметтер және осындай тіркеуге қатысты кейінгі өзгерістер Жалпыға бірдей белгілі тауар таңбаларының мемлекеттік тізіліміне енгізіледі және бюллетеньде жарияланады.»;

2 0) 2 1 - б а п т а :

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Тауар таңбасына құқықты беру туралы шарт, лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты және кепіл шарты жазбаша нысанда жасалып, уәкілетті органда тіркелуге тиіс. Тіркеу туралы жазбаша нысан мен талаптарды сақтамау шарттың жарамсыздығына әкеп соғады.

Тауар таңбасына құқықты беру туралы шартты, лицензиялық шартты, кешенді кәсіпкерлік лицензия шартын және кепіл шартын тіркеу сараптама ұйымы жүргізетін материалдар сараптамасының нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, қосалқы лицензиялық шарттарды, тіркелген шарттарға қосымша келісімдерді тіркеу тәртібіне лицензиялық шарттарды тіркеу туралы ережелер қолданылады.

Тауар таңбасына құқықты беру туралы шартты, лицензиялық шартты, кешенді кәсіпкерлік лицензия шартын және тауар таңбасының кепіл шартын тіркеу үшін сараптама ұйымына белгіленген нысандағы өтініш беріледі.

Ө т і н і ш к е :

1) нысанасы біртектес өнеркәсіптік меншік объектілері болып табылатын, титулдық паракпен жабдықталған шарттың төрт дана түпнұсқасы қоса беріледі. Шарттың әрбір данасы тігіледі, тігілген және нөмірленген парақтардың саны туралы жазба жасалған қағаз пломбамен бекітіледі, мөр бедері мен екі тараптың немесе соған уәкілеттік берілген екі тарап тұлғаларының қолдары қойылады.

Лицензиялық шарттар үшін материалдарды тіркеуге беру шартқа қол қойылған күннен бастап алты ай мерзімнен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

Шарт түпнұсқаларының орнына шарттың нотариат куәландырған көшірмелері ұ с ы н ы л у ы м ү м к і н ;

2) өтініш өкіл арқылы берілген жағдайда – сенімхат немесе патенттік сенім білдірілген өкіл арқылы берілген жағдайда – сенімхаттың көшірмесі;

3) мемлекеттік бажы төленгенін растайтын құжат;

4) сараптама ұйымының қызметтеріне ақы төленгенін растайтын құжат қоса б е р і л е д і .

Төлем өтінім берілген кезде немесе өтініш түскен күннен бастап бір ай ішінде жүргізіледі. Бір ай мерзімде төлем туралы құжат берілмеген кезде өтінім берілмеген б о л ы п т а н ы л а д ы .

Лицензиялық шарттар бойынша ұлттық өтініш берушілер жоғарыда көрсетілген құжаттардан басқа, лицензиардың (қосалқы лицензиардың) басқару органдарының шарт жасасу және заңды тұлғаның атынан өтініш берген жағдайда шартқа кәсіпорын басшысының қол қою өкілеттігін беру мәселесі жөніндегі шешімін береді.

Басқаға беру шарттары бойынша ұлттық өтініш берушілер жоғарыда көрсетілген құжаттардан басқа, қорғау құжаты немесе айрықша құқық иесінің басқару органдарының, құрылтайшылардың немесе акционерлердің жалпы жиналысының шарт жасасу және шартқа кәсіпорын басшысының қол қою өкілеттігін беру мәселесі ж ө н і н д е г і ш е ш і м і н б е р е д і .

Өтініш пен басқа да қажетті құжаттар қазақ және орыс тілдерінде ұсынылады. Шетелдік есімдер мен заңды тұлғалардың атаулары қазақ және орыс транслитерациясымен көрсетілуге тиіс. Егер құжаттар басқа тілде берілсе, өтінішке олардың нотариат куәландырған қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасы қоса беріледі.

Өтініш бір тауар таңбасына құқықты беру туралы шартқа, лицензиялық шартқа, кешенді кәсіпкерлік лицензия шартына, кепіл шартына, қосымша келісімге қатысты б о л у ғ а т и і с .

Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұратын жеке тұлғалар немесе уәкілетті органға шарт құжаттарын өз атынан беретін шетелдік заңды тұлғалар шарттарды тіркеуге байланысты құқықтарды Қазақстан Республикасының тіркелген патенттік сенім білдірілген өкілдері арқылы жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде уақытша жүрген оның азаматтары

Қазақстан Республикасы аумағының шегінде хат-хабар алмасуға арналған мекенжайлары көрсетілген жағдайда, шарттарды тіркеуге байланысты құқықтарды патенттік сенім білдірілген өкілдерсіз жүзеге асырады.

Сингапур шартына қатысушы шетелдік мемлекеттің заңды немесе жеке тұлғалары Тараптардың бірі болып табылатын құқықтарды басқаға беру туралы шарттардың сараптамасы және оны тіркеу Сингапур шартының ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.» ;

5-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«1) өзіне қатысты шарт жасалатын, бірақ қалпына келтіру мүмкіндігі бар тауар таңбасын тіркеу қолданысының тоқтатылуы;»;

7-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«1) өзіне қатысты шарт жасалатын тауар таңбасын тіркеудің қолданылуы тоқтатылған және оларды қалпына келтіру мүмкіндігі болмаған;»;

9, 10-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
«9. Шартты тіркеу туралы шешім шығарғаннан кейін уәкілетті орган: шарттың титулдық парағында тіркелген күні мен оның тіркеу нөмірін көрсете отырып, оның тіркелгені туралы мөртабан соғады; тіркелген шарттардың тізіліміне шарт туралы мәліметтерді енгізеді;

3) шартты тіркеу туралы мәліметтерді жариялау үшін шарттың үш данасын қорытындымен бірге сарапшы ұйымға жібереді.

Шарттың үшінші және төртінші даналары тиісінше уәкілетті орган мен сарапшы ұйымда сақталады және бақылау даналары болып табылады.

Тіркелген лицензиялық шарттар, тауар таңбаларына айрықша құқықтарды беру туралы шарттар, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарттары, кепіл шарттары бойынша сарапшы ұйым тіркелген шарттың екі данасын хат алмасу үшін өтініште көрсетілген мекенжай бойынша жібереді және тіркелген шарттар туралы мәліметтерді, атап айтқанда, шарттың тіркелген нөмірі мен күнін, шарт тараптарының атауын немесе толық мәліметтерін, шарттың нысанасын, шарттың қолданылу мерзімін, шарттың қолданылу аумағын бюллетеньде жариялайды.

Кез келген тұлға жариялау үшін ашық тіркелген шарттар тізілімінен үзінді көшірмені алуы мүмкін.

Үшінші тұлғаны шарт мәтінімен таныстыруға, сондай-ақ одан үзінді көшірме алуға шарт тараптарының жазбаша келісімімен ғана жол беріледі.

Уәкілетті орган сарапшы ұйымның қорытындысы негізінде тауар таңбасына құқықты беру туралы шартты және лицензиялық шартты тіркеуден бас тарту туралы шешім шығарған жағдайда, қаралып отырған шарт бойынша құжаттар тіркеуден бас тарту туралы шешіммен бірге өтініште көрсетілген мекенжай бойынша қайтарылады.

10. Тауар таңбасына құқықты беру туралы шарт, лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты және кепіл шарты уәкілетті органда тіркелген күнінен

б а с т а п к ү ш і н е е н е д і . » ;

21) 24-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) заңды тұлғаның таратылуына, жеке тұлғаның – тауар таңбасы иесінің кәсіпкерлік қызметінің тоқтатылуына немесе қайтыс болуына байланысты;»;

22) 25-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«25-бап. Тауарлар шығарылған жерлердің атауларын құқықтық қорғау

1. Қазақстан Республикасында тауарлар шығарылған жерлердің атауларын құқықтық қорғау осы Заңда көзделген тәртіппен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына орай оларды тіркеу негізінде беріледі.

2. Тауар шығарылған жердің атауын пайдаланудың айрықша құқығы ерекше қасиеттері тек қана немесе негізінен табиғи жағдайларды және (немесе) адам факторларын қоса алғанда, географиялық ортаға байланысты осы географиялық объектіде кәсіпкерлік қызметпен айналысатын, тауарлар өндіретін бір немесе бірнеше тұлғаларға берілуі мүмкін.

3. Шет мемлекетте орналасқан географиялық көрсеткішті, егер осы көрсеткіштің атауы осындай атау ретінде тауар шығарылған елде қорғалса, тауар шығарылған жердің атауы ретінде мемлекеттік тіркеуге жол беріледі. Көрсетілген тауар шығарылған жердің атауын пайдаланудың айрықша құқығының иесі тауар шығарылған елде осындай атауды пайдалану құқығы қорғалатын тұлға ғана болуы мүмкін.»;

23) 29-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Өтінім мен оған қоса берілетін құжаттар қазақ тілінде немесе орыс тілінде ұсынылады. Егер құжаттар басқа тілде тапсырылса, онда өтінім беруші бір айлық мерзімде олардың қазақ тіліндегі немесе орыс тіліндегі аудармасын ұсынуға тиіс.»;

24) 31-баптың 2-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Қайта шығарылған сараптама шешімімен келіспеген жағдайда, өтінім беруші осы Заңның 12-бабының 6-тармағында көзделген тәртіппен қарсылық білдіре алады.»;

25) 33-баптың 1 және 2-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Сарапшы ұйым Тауарлар шығарылған жерлер атауларының мемлекеттік тізіліміне тауар шығарылған жердің атауын, тіркелу нөмірі мен күнін, тауардың ерекше қасиеттерінің сипаттамасын, тұрғылықты жерлерін (орналасқан жерлерін), өтінімнің нөмірі мен берілген күнін көрсете отырып, тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығының барлық иелері туралы мәліметтерді және көрсетілген мәліметтердегі одан кейінгі барлық өзгерістерді, сондай-ақ тіркеуге қатысты басқа да мәліметтерді енгізеді.

2. Тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығының иесі тіркеу туралы мәліметтерге қатысты өзгерістер жайында сарапшы ұйымды хабардар етуге міндетті. Өзгерістер туралы жазбаны сарапшы ұйым Тауарлар шығарылған жерлер атауларының мемлекеттік тізіліміне енгізеді.»;

26) 36-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«36-бап. Тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығы

1. Тауарлар шығарылған жерлер атауларының мемлекеттік тізілімінен үзінді көшірме тауар шығарылған жердің атауын тіркеу фактісін және Тауарлар шығарылған жерлер атауларының мемлекеттік тізілімінде көрсетілген тауар иесінің осы тауарды пайдалану жөніндегі айрықша құқығын растайды.

2. Үзінді көшірме нысанын уәкілетті орган белгілейді.»;
27) 41 - бапта :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Апелляциялық кеңес осы Заңның 12-бабының 6-тармағына, 19-бабының 4-тармағына, 23-бабының 2-тармағына, 39-бабының 2-тармағына сәйкес берілетін қарсылықтар бойынша дауларды сотқа дейінгі қарау жөніндегі уәкілетті органның бөлімшесі болып табылады. Апелляциялық кеңес туралы ережені уәкілетті орган бекітеді.» ;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. 1-тармақта көрсетілген қарсылықтар бойынша дауларды сотқа дейінгі қарау міндетті болып табылады.» ;

28) 42-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«42 - бап. Дауларды қарау

1. Сот тәртібімен қарауға мынадай:

1) тауар таңбасын немесе тауар шығарылған жердің атауын тіркеудің заңдылығы туралы ;

2) тауар таңбасы немесе тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығы иесінің айрықша құқығын бұзу туралы ;

3) тауар таңбасын пайдалануға лицензиялық шарттар жасасу және оларды орындау туралы ;

4) тауар таңбасын жалпыға бірдей белгілі деп танудың заңдылығы туралы ;

5) тіркеуден туындайтын құқықтарды қорғауға байланысты басқа да даулар жатады.

Сарапшы ұйым сот шешімі негізінде тіркеуге қатысты өзгерістер туралы мәліметтерді жариялайды.» ;

29) 45-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«45 - бап. Мемлекеттік баж

Уәкілетті органның тауар таңбаларын және тауарлар шығарылған жерлердің атауларын тіркеу, жалпыға бірдей белгілі тауар таңбасын тіркеу, шарттарды тіркеу, патенттік сенім білдірілген өкілдерді аттестаттау және патенттік сенім білдірілген өкілді тіркеу туралы куәлік беру жөніндегі іс-әрекеттер жасағаны үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес мемлекеттік баж алынады.

Сарапшы ұйым тауар таңбасын тіркеуге өтінімдерді, тауар шығарылған жердің атауын тіркеуге және оны пайдалану құқығын беруге өтінімдерді қабылдауды, сараптама жүргізуді және олардың қатысушылары үшін құқықтар мен міндеттерді тудыратын өзге де іс-әрекеттерді қамтитын осы Заңда көзделген іс-әрекеттерді жүзеге

асырғаны үшін төлемақы алады.».

2 - бап. **Ө т п е л і** **е р е ж е л е р**

Осы Заң күшіне енгенге дейін сарапшы ұйымға келіп түскен, инновациялық патент беруге арналған өтінімдер осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін қолданылған қағидалар бойынша қарауға жатады.

Осы Заң күшіне енгенге дейін өнертабысқа берілген инновациялық патенттер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оның қолданыс мерзімі өткенге дейін басымдықты, авторлықты және айрықша құқықты куәландырады.

3-бап. **О с ы** **з а н д ы** **қ о л д а н ы с қ а** **е н г і з у** **т ә р т і б і**

Осы Заң алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті